



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫН
ҚАБЫЛДАДЫ



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАСЫН ТЫҢДАДЫ.

Жақып Асанов қылмыстық процесте ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақтау үкімдерінің саны 7 есе артқанын жеткізді. Құқық қорғау органдары қамауға алуға қатысты әрбір бесінші іске санкция ала алмаған. Әрбір үшінші шағым бойынша соттар тергеушілер мен прокурорлардың әрекеттерін заңсыз деп таныған.

Президентке азаматтық даулар бойынша жұмыс тәсілінің өзгергені баяндалды. Соттар әкімдіктермен бірлесіп, дауларды шешудің соттан тыс институттарын дамытып келеді. Даусыз талап-арыздар нотариустарға берілген және арбитраждардың, медиаторлардың, заң консультанттары мен еңбек инспекторларының құзыреттері кеңейтілген. Нәтижесінде, 4 жыл ішінде сотқа түсетін талап арыздар саны 2,5 есеге

– 900 мыңнан 340 мыңға дейін азайған. Соттағы татуласумен аяқталған істер 37 пайызға дейін артты.

Биыл, 1 тамыздан бастап аумақаралық соттылық енгізілді. Істер автоматты түрде судьялардың мамандануын ескере отырып, бір соттың ішінде емес, бүкіл ел аумағындағы соттардың арасында бөлінеді. Жақып Асановтың айтуынша, бұл – жемқорлыққа қарсы жаңа әдіс.

Мемлекет басшысы қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот процестерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ, сот кадрларын іріктеуді жетілдіруге бағытталған қадамдар қажет екенін атап өтті.

Өз тілшіміз
Сурет akorda.kz сайтынан алынды

КӨКЖИЕК

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР
УАҚЫТ СҰРАНЫСЫНАН ТУДЫ

Егеменді еліміздің тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Алайда ол әкімшіл-өміршіл ережелерге сүйенгендіктен, уақыт талабына сай бола алмады. Сол себепті 1995 жылы Ата Заңымыз қайта қабылданды. Ол заң шығарушы, атқарушы және сот билігін белгілеп, олардың құзыреті мен өзара әрекет етуін заң тұрғысынан айқындады.

2022 жылғы 5 маусымда ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өтті. Жалпыхалықтық референдум негізінде ҚР Конституциясына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енді:


Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламенті бар Президенттік формаға көшеді; Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі; Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады; Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады; Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады; Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді; Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталады.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың сөзімен түйіндесек, конституциялық түзетулер елдің демократия-

лық қағидаттарға берік ұстанымын көрсетіп, бұл әрбір азаматқа Қазақстанның болашағын айқындайтын тарихи оқиғаға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Конституциялық реформа «суперпрезиденттік» басқару нысанынан ықпалды Парламенті мен есеп беретін Үкіметі бар Президенттік республикаға түпкілікті көшуді қамтитын мемлекеттің бүкіл моделін жан-жақты трансформациялауға бағытталғанын және бұл Президент өкілеттігін шектеуге әкеп соғатынын, биліктің өкілді тармағын және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін күшейтіп, мәслихаттардың тәуелсіздігін арттырады. Мәжіліс пен өңірлік мәслихаттар депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлық тепе-теңдік үлгісін енгізу сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерінің барлық спектрін неғұрлым толық қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, түзетулердің бір бөлімі Конституциялық сот құру, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту және өлім жазасына толық тыйым салу арқылы адам құқықтарын қорғауды одан әрі күшейтуге ықпал ететін болады. Көріп отырғанымыздай, Конституция республика тұрғындарының әлеумет-



тік-занды қорғалуын заңды түрде кепілдендіреді, адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, төзімділігінің іргетасын бекітіп, ұлтаралық және конфессия аралық келісімді бекітеді. Қазақстанның көп ұлтты халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елдермен терезесі тең, түп-тамыры мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет ретінде өркениет көшінін алдыңғы сапына қосылды.

Еліміздің БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ, ЕурАзЭс сияқты іргелі халықаралық ұйымдарға мүше болуы – соңғы отыз жылдың ішінде өзімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танытуымыздың, адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтауымыздың арқасы десем, асыра айтқандық емес.

(Соңы 6-бетте)

СҰХБАТ

Жәңгілде ЖАҚЫПОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясының
Алматы қаласы бойынша
медиаторлық кеңестің басшысы:

«ҚОҒАМДЫҚ
МЕДИАТОРЛАРДЫҢ
БАҒАСЫ АРТТЫ»

– Жәңгілде Әжіғалиұлы, еліміздегі медиация институтының дамуында ҚХА медиаторлық кеңестерінің рөлі қандай?

– Биыл еліміздегі Медиация институтына 11 жыл толып отыр. Бәрімізге белгілі, кәсіби медиаторлармен жұмыс жасайтын сексеннен аса ұйым бар. Сол ұйымдардағы кәсіби медиаторлар реестрінде 4 мыңға жуық кәсіби медиаторлар бар. Мен сол ұйымдардың бірін басқарып отырмын, сонымен қатар Алматы қаласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясындағы медиаторлық кеңестің басшысы ретінде сайланғаным бірнеше жыл болды.

Этносаралық ұйым басшылары мен олардың ішіндегі қоғамдық медиаторлардан тұратын Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қаласындағы кеңесі еліміздегі аумақаралық белсенділік танытып жүрген орталықтардың бірі. Егер бүгінгі күні республикамыз бойынша 2 мыңға жуық қоғамдық медиатор болса, соның 50-ге жуығы Алматыда.

(Соңы 5-бетте)

БАЙҚАУ!
БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

**Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҒЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!**



ТӘУЕЛСІЗ СОТ – ЕЛ ТІРЕГІ

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған егемендігіне қол жеткізген соң дамуға ең қолайлы, демократиялық жолды таңдады.

Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орныққандығы, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі мемлекетіміздің басты құжаты – Ата Заңымызда баян етілді.

Тәуелсіздігіміздің басты кепілі және еліміздің ұстанымдары мен мемлекеттілік негіздерін қалыптастыратын Конституция республикамыздың осы уақытта жеткен барлық жетістіктері, экономикалық өрлеуі, жалпы халқымыздың татулығы мен тыныштығының басты тірегі десек артық болмайды.

Ата Заңымызбен, қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарына сай республикамыздың кез келген азаматы, азаматтығы жоқ адамдар және шетел азаматтары халықаралық шарттарға сай, өзіне тиесілі құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, олардың сот арқылы қорғалуын талап етіп, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге құқылы. Сот өз кезегінде азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың және шетел азаматтарының арыздары мен шағымдарын заң шеңберінде, бейтарап түрде қарап заңды, әрі әділ шешім қабылдайды. Бұл – құқықтық мемлекеттің, құқықтық қоғамның айқын келбеті.

Республикамыздың азаматтары туысынан-ақ белгілі бір құқықтармен міндеттерге ие болады. Сол құқықтар мен міндеттерін өз уақытына қарай жүзеге асырады. Ол құқықтар мен міндеттер адамдардың қоғамдағы өмір сүру әдебін реттеп, болашаққа деген сенімділігін нығайтады.

Тәуелсіздік алғаннан бері, еліміздегі сот жүйесінің сапалы дамуына үлкен мән берілуде. Бұл мақсатта көптеген реформалар қабылданып, жылдан жылға сот жүйесін жетілдіру жұмыстары сәтті жүзеге асырылуда. Сот жүйесін жетілдіруде заманауи ғылыми жетістіктер пайдаланылып, ол өз кезегінде, сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетіп, онтайландыруға өзіндік үлесін қосуда.

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде еліміздегі барлық сала заман талабына сай үздіксіз жаңғыртылды. Соның бірі – сот жүйесі дер едім. Сол уақыттан басталған сот саласындағы реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асып, заң-



ережелер, бағдарламалар халықаралық тәжірибе мен сарапшылардың талқылауымен жетілдірілді.

Сот жүйесінде Қылмыстық-процессуалдық, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік, Еңбек кодекстері және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін кодекстер мен заң актілері, қабылданды. Сот саласындағы жетістіктердің бірі – цифрлық технология дер едім.

2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды қадамы болды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті деңгейде қамсыздандырылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілді. Тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруде аталған заң өз үлесін қосты.

Осы уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылды. Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді.

2015 жылғы Ұлт жоспары сот жүйесі дамуының жаңа кезеңіне негіз қалады. Бес сатының орнына үш сатылы – бірінші саты, апелляциялық, кассациялық саты аталымындағы сот құрылымына көштік. Судьялар корпусы мен сот актілерінің сапасына қатысты талап күшейтілді.

Сот тәжірибесінде ең алдымен «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі енгізілгені есімізде. Кейіннен «Электронды шақыру

қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «СМС-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы секілді жаңа электрондық қосымшалар халық игілігіне ұсынылды. Бұдан бөлек, облыстағы барлық сот мәжіліс залдары толықтай дыбыс-бейне жазатын құрылғылармен қамтамасыз етіліп, сот отырыстары таспалануда. Бұл мүмкіндіктердің бәрі сот қызметін жаңа деңгейге шығарды. Әсіресе, сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін адвокаттар қауымы «Сот кабинеті» сервисінің тиімді, пайдалы екенін айтуда. Жаңа ақпараттық технологияны енгізудің тағы бір тиімділігі – арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді.

Сондай-ақ, «100 нақты қадам: – Ұлт жоспары», судьялар съездерінде берген тапсырмалар, «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары республикадағы сот жүйесін жаңа арнаға бұрды. Осыдан үш жыл бұрын «Сот төрелігінің 7 түйіні» негізінде «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Онтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» жобалары жүзеге асқан еді. Соған орай судьялардың да мәртебесі жыл өткен сайын арта түсуде.

Ең бастысы, сот саласының қызметкерлері халықтың сотқа деген сенімін арттырып, заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыруда. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етті.

Аида ДЖУКЕЕВА,
Еңбекші аудандық сотының судьясы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

✎ ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ҚАҒАЗ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ АЗАЙДЫ



Ә.БАЗАРОВА,
Ақтөбе облыстық кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот приставы

Сот кабинеті – сот істерін жүргізуді жеңілдетуге арналған бағдарлама. Сервисті іске қосқан сәттен бастап оның мүмкіндіктері жоғары бағаланды. Жүйе адвокаттар мен кәсіпкерлердің жұмысына көмектесуге, азаматтардың құқықтық мәдениетін жетілдіруге және өздерінің конституциялық құқықтарын қорғауға ыңғайлы. Оның қағаз түрінен ерекшелігі электрондық нысанда талап-арыздарды, сот хаттамасын, ескерту-арызды беруге, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану мүмкіндігінде жатыр. Электрондық қадағалау пайдаланушыға кез келген орындағы интернет желісі арқылы мемлекеттік бас салығын онлайн режимде төлеуге ыңғайлы.

Сервистегі «Сот ісін жүргізу» бөлімі азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізу құқығы бойынша кеңестерді қамтыған. Тәжірибесі жоқ пайдаланушыға заңдық кеңес алмай-ақ

сервисті пайдалану мүмкіндігі ұсынылады. Құқықтың әрбір саласы бойынша электрондық қызмет көрсету қарастырылған. «Менің істерім» деген бөлімде пайдаланушы жіберген электрондық арыздар туралы ақпаратты ала алады. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін апелляциялық және кассациялық сатылардағы мәліметті қарау оңай іске асырылған. Кез келген адам тиісті сілтемені басып, барлық сатыдағы істің тұтас процесін қарай алады.

«Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, сонымен бірге, сотты электронды жүргізудің жаңа сатысына көшуге көмектеседі. Жаңарған сервис әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асыратын органның іс-әрекеттері, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша заңды күшіне енген қаулыларды қайта қарау туралы шағым мен талап-арыздар, «Талдау» форумы сияқты қосымша бөлімдерді қамтиды.

Сонымен бірге, пайдаланушыларға хабарламаларды жіберу қызметі іске қосылды. Оны шығарылған сот актісі бойынша хат түрінде жібереді. Сот актісін PDF форматында көру үшін сілтеме жасайды. Хабарлама арқылы «Істерді қарау барысы» бөліміне ауысуға мүмкіндік бар. Осының нәтижесінде шығарылған барлық сот актілерін көруге және жазып алуға болады. Оның ішінде «Талдау» форумы туралы жеке айта кету керек, аталған бөлім істер санаттарының бірыңғай жіктегішін, материалдарды, сот практикасының қортындылары және актілер дерек қорын, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын пайдалану негізінде құрылды. Осы жүйені пайдаланушылар сот отырысының күні мен уақыты, істі қарау нәтижелері туралы хабардар етіліп, сот

актілері мен іс бойынша құжаттарды қарай алады. «Сот залы» сервисіне тіркелу кезінде пайдаланушы «Пайдаланушы» келісіміне қол қою арқылы шарт талаптарын қабылдайды, оған сәйкес соңғысы «Сот залы» сервисі арқылы келіп түскен электрондық сот құжаттарымен жеке танысуға жауапты болады. Сот ісін жүргізуге қатысушы «Сот кабинеті» сервисінің пайдаланушысы болса, құжаттар осы сервис арқылы жіберіледі. АІЖК-нің 127-бабының 2, 4-бөліктеріне және 234-бабына сәйкес мұндай хабарламалар тиісті хабарлама болып табылады. Хабарламалар пайдаланушының «Сот кабинетіне» жеткізілген сәттен бастап жеткізілді деп есептеледі.

Ісініз туралы біліп отыру үшін «Сот кабинетін» күн сайын қарап отыру қажет. Сонымен қатар, қызметтің мобильді нұсқасында смартфонда push-хабарламаларды (қалқымалы хабарламалар) қабылдау мүмкіндігі бар. Осы сервисі пайдаланушылар оның мүмкіндіктерін, адвокат, судья және сот мамандарының тиімді жұмыс істеуіне, азаматтардың құқықтық мәдениетінің артуына, өздерінің конституциялық құқықтарын қорғауына оң ықпал етіп отырғанын атап көрсетуде.

Сондай-ақ, қызметті пайдаланушыларға атқару парақтарын, шағымдар мен өтініш-хаттарды КІПК-нің 106 және 107-баптарына сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен электронды түрде жіберуге мүмкіндік беретін бөлімдері ашылған. Сот актісіне шағым беру мерзімі және сот органдарынан шығатын ресми құжаттарына апостиль қою жөніндегі қызмет іске қосылған. ҚР Жоғарғы Соты қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмайды. Сот ісін жүргізу процесін онтайландыру мен автоматтандыру бойынша ізденіс жалғаса береді.

ҚҰҚЫҚ

ҰЛТ АНАСЫ – ТІЛ

Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей, қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Тіл халықтың мәңгі жасауының көрінісі.

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте, біздің мемлекетіміздің тілге деген жана-шырлығы басым. Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауындағы басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға арналады. «Тіл туралы» заңдағы «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының парызы» – делінген Мемлекет басшының әр жылдардағы жолдауларында. Ұлт анасы – тіл. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздар мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Мейіран ДАУЛЕТОВ,
Маңғыстау облыстық кәмететке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

БАБАЛАР МҰРАСЫ

Қазақстанның мемлекеттік тілі Конституцияға сәйкес қазақ тілі екені көпшілікке белгілі. Мемлекеттік тіл еліміздің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы. Сондықтан, ана тіліміздің өз қалпында сақталып, одан әрі дамуына септігімізді тигізіп, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруымыз қажет.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 1-бабының 3-бөлігіне сай, егер осы кодексте өзгеше көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Азаматтық процестік кодекстің ережелері қолданылады делінген. Сонымен қатар, Азаматтық-процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Ашылғанына көп болмаса да, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілге деген құрмет ерекше. Барлық шығыс құжаттар (сотқа шақырту қағаздары, сұраныстар, жолдама хаттар) мемлекеттік тілде рәсімделеді. Қажет болған жағдайларда ғана ресми тілге аударылады. Мемлекеттік органдармен өзара хат алмасу тек қазақ тілінде жүргізіледі. Басқа мемлекеттік органдарға үлгі ретінде, биліктің бірінші тармағы болып саналатын заң шығарушы органның отырысы бастан аяқ қазақ тілінде өткізілуі осыған дәлел.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында, мемлекеттік органдардың қатысуымен әр түрлі іс-шаралар өткізіледі. Жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында, болашақта заңгер боламын деген студенттер арасында мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік тілдің абыройы жайында дәрістер тұрақты түрде оқылып тұрады. Сондықтан да, алда мемлекеттік тілді жоғары деңгейге көтеру сияқты биік міндеттер тұр.

Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру әрбір азаматтың басты міндеті!

Т.А.ЛИКУЛОВ,
Ақтөбе облысы МАӘС-нің кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

✎ САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу сот ісін жүргізуді біршама жеңілдетті. ІТ технологияларды кеңінен пайдалану, ақпараттық жүйелерді біріктіру, ақпараттық технологияларды қолдану сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге септігін тигізуде.

Бүгінде сотқа ақпараттық технологиялар арқылы талап-арыздар мен шағымдарды беру, құжаттардың көшірмелерін алу және іс материалдарымен танысу мүмкіндігін көздейтін «электрондық сот» төрелігі кеңінен қолданысқа ие екендігі баршаға белгілі. Сот жүйесін ақпараттандыру бағытындағы жаңашылдықтар құжаттарды қабылдаудан бастап, шешімдерді, атқарушылық парақтарды, үзінді көшірмені беруді атқара отырып, сот төрелігін іске асырудың барлық кезеңдерін қамтиды.

Бүгінде сот саласында процеске қатысушыларды SMS хабарлама және электронды пошта арқылы хабарландыру жүйесі мен «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін қарау кестелері», «Сот кабинеті», «Сотқа шақыру қағаздары» сервистері белсенді қызмет етеді.

«TrueConf» мобильді қосымшасын қолдану тәсілі өте қарапайым. Ол үшін «Playmarket» бағдарламасы арқылы аталған қосымшаны смартфонға жүктеп, сот отырысына қосылу үшін сот отырысының хатшысы берген сервер нөмірі, логин мен пароль болса жеткілікті. Ал, «WhatsApp» мобильді қосымшасы халық арасында кеңінен қолданысқа ие болып табылатындықтан, сот отырыстарын қашықтықтан кедрегісіз өткізуге септігін тигізуде.

Электронды сот төрелігін іске асыру халықтың сотқа деген сенімін, сот төрелігіне қолжетімділігін, оның ашықтығын және жариялылығын арттыру ретінде танылады. Сот жүйесін жаңартуға бағытталған жаңашылдықтар жүйелі жүзеге асып, соттар заманауи технологиялармен жұмыс жасауды кеңінен қолға алды.

Қорыта айтқанда, сот жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу қазіргі уақытта өзінің тиімділігін көрсетуде. Азаматтардың уақыты үнемделіп, сот қызметіне қолжетімділік еселене түсті. Бұл адамдардың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Ж.УСПАНОВ,
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы

✎ ПӘРМЕН

ӘСКЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ КӨТЕРІЛМЕК

«Отан үшін отқа түс, күймейсін» деген халықтық нақыл бұрын кез келген ер азаматты жігерлендіретін, елін жерін қорғаудың мұрат екенін ұғындыратын. Алайда, елдегі өзге салалар секілді соңғы кездері қорғаныс саласына да сын ескертпе, арыз-шағымдар көп айтыла бастады. Осы ретте, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов алдағы уақыттарда әскерде біраз өзгерістер мен жаңалықтар болатынын жеткізді. Енді алдағы уақытта қазақ әскері жаңаша жабдықталған, озық технологияларды меңгерген, бәсекеге қабілетті сарбаздарға айналады.

Әуелгі өзгеріс ежелден қалыптасқан әскери дайындық сабақтарынан басталмақ. Аталмыш сабақтың мәртебесін көтеру, жастар арасында өзектілігін арттыру, жоғары сынып оқушыларының қызығушылығын еселеу Үкіметтің ендігі айналысатын ауқымды шараларының бірі болады. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту жүктемесі ретінде жаңа оқу жылынан бастап бұл пән 10-сыныпта аптасына 1 сағат, тұтас оқу жылында 34 сағат болып бекітілген. 11-сыныптағы да жүктеме осы ретпен қарастырылған. Жыл бойғы теорияны бекітіп, практикалық дағдыларын жетілдіру мақсатында 10-сынып оқушылары үшін оқу жылы аяқталған тұста бес күндік далалық оқу-жаттығу сабақтары өтпек. «Бұл шара жастарды нақты мысалдармен бетпе бет келтіреді, оған дейін олар тек қана мектеп қабырғасында әскери дайындық жайлы теориялық білім

алса, бұл мүмкіндік оларды шынайы жағдайлармен табыстырады, қолдарына қару ұстап, нысана көздеп, әскери тапсырмаларды орындап шыңдалады, шынығады» – дейді мамандар.

«Қазіргі кезде алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын қайта қарастыру мәселесі пысықталып жатыр. Оның ішінде далалық оқу-жаттығуға қатысты іс-шараларды өзгерту де ескерілген», – деп жазды Е. Тоғжанов осы мәселеге қатысты өзіне сауал жолдаған депутаттарға.

Алғашқы әскери даярлық сабағын заманға бейімдеп, түрлендіру тек осы бір ғана жұмыс аясында тоқтап қалған жоқ. Енді алғашқы әскери даярлық кабинетін материалдық-техникалық жабдықтау мақсатында Білім министрлігінің бұйрығына өзгерту енгізілді. Осы орайда әскери даярлық кабинеттерін толықтай оқыту материалдарымен қамтамасыз ету де ескерілген. Ералы Тоғжа-



нов алғашқы әскери дайындық пәнінің өту ретін пысықтап жатқан тұста, Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев Қазақстан әскеріндегі цифрлық форматты күшейту, жетілдіру, олардың цифрлық сауатын көтеру мәселелерін алға шығарды. Вице-ми-

нистрдің айтуынша, қазір әскерилердің цифрлық сауатын арттыру маңызды, сондықтан да осы бағытта нақты шаралар қолға алына бастаған. «Саланы цифрландырудың тағы бір бағыты – цифрлық офицерлер. Олар Қорғаныс министрлігіндегі процестердің бөріне

инжениринг жүргізеді. Одан кейінгі маңызды бір бағыт – киберқауіпсіздік. Цифрлық шешімдер дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық деңгейде киберқауіпсіздік қамтамасыз етілуі керек. Киберқауіпсіздік ақпараттық қауіпсіздік шараларымен синхрондалады», – деді Дархан Ахмедиев журналистермен болған брифингте. Сондай-ақ, алдағы 2023 жылдан бастап «Әскерге тіркеу билеті» қолданыстан шығарылады. «Мемлекеттік базалармен интеграция жасау арқылы Әскери билет рәсімдеу процесінің көлемі 2-3 есе азаяды. Одан бөлек Әскери билетке дейін Әскерге тіркеу билетін мүлдем алып тастағымыз келіп отыр. Мысалы, қазір 17 жастағы әскер қатарына шақырылған азаматтар медициналық тексеруден өтеді. Содан кейін денсаулығына қарай қай әскери комиссариатқа тіркелгені айтылып, тіркеу билеті беріледі. Бірақ келесі жылдан бастап осы процесті басқаша жасамақшымыз. Ондай ұғымның өзін алып тастаймыз. Әскерге тіркеу билеті деген болмайды», – деді министрдің орынбасары.

Бұдан бөлек, әскердегі қауіпсіздік мәселесі де қатаң бақылауда болмақ. Әскердегі әлімжеттікті тоқтатудың барлық жолдары қарастырылады.

М.ҚҰРМАНБАЙ

✎ АЙМАҚ

Қызылорда облыстық әкімдік ғимаратында тамыз айының 9-ы күні Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Жайымбетов Мархабат төрағалық етті.

Отырыстың күн тәртібінде өзекті үш мәселе қаралды. Біріншісі, жазғы кезеңде облыстың су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары. Екінші, облыс аумағында орналасқан су шаруашылығы нысандары мен гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайына жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі. Үшінші, жылыту маусымына дайындық, көмірқышқыл газына уланудың алдын алу және өрт қауіпсіздігі туралы. Жиында Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы подполковник Бекболат Әбдіқадыров бірінші және үшінші тақырып бойынша баяндама жасап, қажетті мәліметтерді комиссия мүшелерінің назарына ұсынды.

Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен және Полиция департаментінің қызметкерлерімен, қоғамдық бірлестіктердің волонтерлермен бірлесіп жылы беру маусымы кезеңінде өрттің пайда болуын, адамдардың қаза болуын және жаракат алу қауіп-қатерін азайту мақсатында профилактикалық талдау-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарлама басқармасынан алынған тізімге сәйкес, аймақта тұрмысы төмен, көпбалалы, жалғызбасты ана және мүгедек жандары бар 7 676 отбасы бар екен. Олардың 2019 жылдан бастап 5 593 отбасына көмірқышқыл газын анықтайтын датчик орнатылды.

2021 жылы жергілікті бюджет есебінен 3 500 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер сатып алынып, 2021–2022 жж. жылы беру маусымы басталғаннан бастап 1 843 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер әлеуметтік тәуекел топтарына кіретін отбасылардың тұрғын үйлеріне орнатылса, қалған 1 657 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер орнату алдағы жылы беру маусымында жоспарлануда. 2021–2022 жылғы жылы беру маусымында 78 021 тұрғын үй секторының (323 202 адам) ауласын аралап, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Тұрғындармен 255 рет (3 240 адам) кездесу ұйымдастырылып, соның ішінде электр және газ балон жабдықтарын, пешті және газ пештерін орнату, қолдану туралы өрт қауіпсіздігі талаптарын бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қамтылды», – деді. Сондай-ақ, көп қабатты тұрғын үй-



15 қазандағы №121) әр аптаның сенбі күндері облыс бойынша департаменттің қызметкерлерімен және Полиция департаментінің қызметкерлерімен, қоғамдық бірлестіктердің волонтерлермен бірлесіп жылы беру маусымы кезеңінде өрттің пайда болуын, адамдардың қаза болуын және жаракат алу қауіп-қатерін азайту мақсатында профилактикалық талдау-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарлама басқармасынан алынған тізімге сәйкес, аймақта тұрмысы төмен, көпбалалы, жалғызбасты ана және мүгедек жандары бар 7 676 отбасы бар екен. Олардың 2019 жылдан бастап 5 593 отбасына көмірқышқыл газын анықтайтын датчик орнатылды.

2021 жылы жергілікті бюджет есебінен 3 500 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер сатып алынып, 2021–2022 жж. жылы беру маусымы басталғаннан бастап 1 843 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер әлеуметтік тәуекел топтарына кіретін отбасылардың тұрғын үйлеріне орнатылса, қалған 1 657 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер орнату алдағы жылы беру маусымында жоспарлануда. 2021–2022 жылғы жылы беру маусымында 78 021 тұрғын үй секторының (323 202 адам) ауласын аралап, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Тұрғындармен 255 рет (3 240 адам) кездесу ұйымдастырылып, соның ішінде электр және газ балон жабдықтарын, пешті және газ пештерін орнату, қолдану туралы өрт қауіпсіздігі талаптарын бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қамтылды», – деді. Сондай-ақ, көп қабатты тұрғын үй-

лердің жертөлелерін мекен ететін қаңғы-бастардың шылым шегуі және ашық отты пайдалану да өрт оқиғалары орын алуының негізгі себептерінің бірі көрінеді. Бұл мақсатта 2021 жылғы қараша айында полиция қызметкерлері мен пәтер иелері кооперативінің өкілдерін тарта отырып, қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерде рейдтік іс-шаралар атқарылған.

Қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында өткізілген профилактикалық жұмыстарға оқушылар да тартылған. Сонымен қатар 75 ашық сабақ өткізілді, 168 мектеп бойынша 4669 оқушы кездесулерге қатыстырылған. Сонымен қатар, өрт сөндіру бөлімдеріне 38 рет экскурсия ұйымдастырылып, 854 оқушы бүгінгі күннің көзсіз батырларының ерлікке толы жұмысымен танысқан. Алайда, өкінішке қарай аталған ескертпе жұмыстарына қарамастан 2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыстық газ балондарының 5 жарылу жағдайы тіркелді. Төтенше жағдай салдарынан 8 адам қаза болып, 9 адам жаракат алған. Қайғылы оқиғалар тұрмыстық газ балондарын шамадан тыс толтыру, газ толтыру орындарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау фактісі бойынша орын алған көрінеді.

Бекболат Әбдіқадыров өңірімізде орналасқан 13 білім беру объектісінің бу қазандықтары негізгі ғимараттың ішіне немесе жапсарлас орналастыру арқылы өрт қауіпсіздігі талабының өрескел бұзылғандығы орын алып отырғанын комиссия мүшелерінің назарына ұсынды. Ол сөзінде, «Бұған байланысты 2021 жылғы 30 маусымда облыс әкімі Г.Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссия отырысының



қорытындысы бойынша Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасына бу қазандықтарын негізгі ғимараттан бөлек шығару жөнінде хаттамалық тапсырмасы берілген болатын, алайда бүгінгі күнге дейін толығымен орындалмай тұр», – деді. Аталған білім беру мекемелерінде осындай олқылықтар оқушылар мен мұғалімдердің өміріне қауіп төндірмесін деп тілейік. Бу қазандықтарынан ақау шықса адам шығынына әкеп соғуы бек мүмкін.

Баяндама соңында Бекболат Әбдіқадыров аталған мәселелерге қатысты облыс әкімі аппаратының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бөлімі мен Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне, тиісті сала басшыларына ұсыныс білдіріп, қатаң назарға алуға, төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында бірігіп жұмыс істеуге шақырды. Ол өз ұсынысында, үгіт-насихат жұмысын жүргізуді жандандыру және халықты өрт қауіпсіздігі шараларын орындауға оқыту мақсатында өрт қауіпсіздігі тақырыбында билбордтар жасап, орнатуға және жадынамаларды дайындап, тарату үшін жергілікті бюджеттен қаражат мәселесін шешу керек. Зағип жандарға арналған «Брайль әріпі» әдісінде өрт қауіпсіздігінің алдын алу бағытында нұсқамалар әзірлеуге жергілікті бюджеттен қаражат мәселесін шешуді тапсырамын. Сондай-ақ, мектеп жасындағы балалар арасында өрт кезінде дұрыс әрекет етуі, оттан абайсызда жарақаттанудың алдын алу және өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді жақсарту бағытында мақсатты жұмыс жүргізу үшін ұстаздар арқылы жалғастыру керек. Адамдар көп жиналатын нысандарда

кәсіпкерлік палата өкілдері арқылы базарлар, сауда үйлерінде нұсқаулар, дәрістер, сұхбаттар, оқу фильмдері мен роликтерін көрсету, акциялар өткізу жолымен көмір қышқыл газына уланудың алдын алуға бағытталған өртке қарсы іс-шараларын кешенді түрде жүргізуді, облыс аумағындағы 6 мектеп, 7 балабақшадағы білім беру мекемесімен бірге және жапсарлас орналасқан жылыту қазандықтарын бөлек шығару жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамын», – деді.

Нәтижесінде комиссия шешімімен комиссия төрағасы облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетұлы күн тәртібінде қаралған мәселелерге қатысты жауапты басшыларға тапсырма берді. Жазғы кезеңде облыстың су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын сақтау мәселесі бойынша қала, аудан әкімдеріне өз аумақтарында жағажайлар ашып, олардың демалыс орындарының талаптарына сай болуын қарастыру жөнінде пәрмен берді. Облыс аумағында орналасқан су шаруашылығы нысандары мен гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайына байланысты жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша «Ақлақ» су торабына жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінуі бойынша тиісті жұмыстарды атқаруды тапсырды. жылыту маусымына дайындық, көмірқышқыл газына уланудың алдын алу және өрт қауіпсіздігі туралы тұрмыстық балондар мен газбен жабдықтау жүйесінің объектілерін қауіпсіз пайдалануын сақтау жөнінде шаралар қабылдау бойынша тапсырма берілді.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– Қабыл Тұрарұлы он жылдан бері сот саласында ақпарат бөлімінде еңбек етіп жүрсіз. Осы он жылда не өзгерді, сот саласындағы жаңалықтарға қандай баға бересіз?

– Қазақ елі өзінің сан ғасырлық ұзақ тарихында заңға, тәртіпке аса мән берген. Оған дәлел ретінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» айтсақ та жеткілікті. Міне, осындай аса маңызды заңдар қазақтың тарихында болғандығы бізге мұрағаттардан аян. Сонымен қатар, есте жоқ ескі замандарда билер сотының болғандығы, олардың шешімдері араздасқанды татуластырып, шекіскенді бітістіргені де анық. Демек, олар ата жолын үзбеген, салт дәстүрді сақтаған, өздерінің ғұрпын қастерлеп, елге әділ қызмет еткен. Яғни, біздің бұрынғы бабаларымыз өркениетті қоғам, құқықтық мемлекет болуға күш салған.

Еліміз егемендік алғаннан кейін осы бабалар жолын жалғастырып, Қазақстан да құқықтық жолға түсуді бастағаны белгілі. Еліміздің соттары соңғы жылдары бірнеше реформаларды іске асырды. Ондағы басты мақсат әділдікке қол жеткізу, туралықпен жүру, заңдарды жетілдіру деп есептеймін. Мысалы, осыдан он жыл бұрын сот бес сатылы болатын, яғни бірінші сатылы сот, екінші апелляциялық, кассациялық алқалар, облыстық соттың құрамында болған. Ал, Жоғарғы Сот ол қадағалаушы ретінде жұмыс атқарған. Кейінірек 2016 жылы жаңадан заңдар қабылданып, сотымыз бес сатылыдан үш сатылыға өтті. Бір сөзбен айтқанда еліміз тәуелсіздік алғалы демократиялық істердің дамуы, сот жүйесінің қайта құрылуымен тығыз байланыста болды.

Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі өзгерістер мен жаңа экономикалық қатынастардың орын алуы азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғай алатын заңдылықтың, әділдіктің кепілі бола алатын сот жүйесін қалыптастыруды талап етті. Кейін де елімізде яғни барлық облыстарда, облыс орталықтарында экономикалық соттың, әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі соттың және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылуы оған дәлел бола алады. Барлығымызға белгілі, 2015 жылы елімізде бес институттық реформаны жүзеге асыру мақсатында «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» бағдарламасы жасалды. Ұлт жоспарының негізгі қадамдарының бірі – тікелей сот жүйесіне қатысты екендігі де мәлім. Сол бір жылдың ішінде яғни, 2015–2016 жылдары сот жүйесінде үлкен өзгерістер болып, осы жоспарға сәйкес сол он қадамның барлығы жүзеге асырылды. Өкінішке қарай, көпшіліктің санасында сот тек жазалайтын, яғни айыптыны бас бостандығынан айыратын орын деген теріс ұғым қалыптасқаны өкінішті. Жалпы, соттың жазалаушы емес, сонымен қатар заң әділдігін сақтаушы, іске асырушы екенін санаға сіңіру үшін көп тер төгу керек. Бұл тұрғыда сот



Қабыл ДҮЙСЕНБИ, Шымкент қалалық сотының баспасөз хатшысы:

«АШЫҚТЫҚ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА
ӘДІЛДІК БАР»

халықпен тығыз байланыста болып, көп насихат жұмыстарын жүргізу қажет деп есептеймін. Сол әрекеттер сот пен қоғамның шын мәнінде байланысын тауып келе жатыр. Әрине, соттың жұмысы басқа салаларға қарағанда өзгереді, күрделірек. Соған қарамастан соттың халықтан жасыратын ешнәрсесі жоқ деп есептеймін.

– Сот жүйесіндегі ашықтық пен қолжетімділік принциптері Шымкент қалалық сотында қалай жүзеге асып жатыр?

– Бұрын да және қазір де мемлекет басшылары сот жүйесінің ашықтығы мен оған халықтың қолжетімділігі туралы үнемі айтып жүр. Осы бағытта еліміздің сот жүйесінде қыруар жұмыс атқарылды деп айтуға болады. Мысалы, елімізде «Медиация туралы» заң 2011 жылы қабылданған болатын. Әрине, бұл заңның негізгі мақсаты дауласушы тарапты бітімге келтіріп татуластыру, екі тарапты қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізу, яғни дауласушы екі тараптың дауласушылық деңгейін төмендету болатын. Алғашқы кезде бұл заңды жұрттың түсінбегені белгілі. Өйткені, медиация деген сөздің өзі қазаққа түсініксіз болды. Соған байланысты халыққа заңды түсіндіру, оның артықшылықтарын тараптарға жеткізу бағыттарында көп жұмыстар атқарылды. Сол «Медиация туралы» заң бүгін

жұрттың санасына сіңіп, тараптардың татуласуға келу әрекеттері арта бастады. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті соттардың бәрінде медиация кабинеттері ашылып, жұмыс істеуде. Сонымен қатар, тәжірибелі судьялар елді мекендерге барып, кәсіпорындарда болып, еңбек ұжымдарында лекция, дәрістер оқыды. Жергілікті соттарда көптеген дөңгелек үстел мәжілістері, семинарлар тағы да басқа түрлі жиындар өткізілді, оған медиаторлар, БАҚ өкілдері және басқа түрлі ұйымдардан азаматтар шақырылды. Осылай атқарылған жұмыс өз нәтижесін бірте-бірте беріп, сот медиациясындағы жетістіктер саны артты. Соңғы төрт жыл көлемінде татуласу бағытында көптеген жұмыстардың атқарылғаны белгілі. Бүгінгі біздің судьялар сол билердің жұмыстарын жалғастырып, кез келген дау-дамайды бітімгершілікпен шешіп, елдің бірлігі мен ынтымағын халқының татулығын сақтауға бар күш-жігерін жұмсап келе жатқаны анық. Татулық демекші, 1881 жылы Іле өзені бойындағы жәрменкеде тоғыз ақынды бірдей жеңген Құлмамбет Жамбылмен айтысқан. Осы айтыста Жамбыл: «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт. Қарынбайдай сараңдар толып жатыр, Оны мақтап әуре болмай, жөніне қайт!» – деп аталы сөздер айтып, Құлмамбетті жеңгені бәрімізге белгілі. Сол секілді медиация түсінігі

соңғы жылдары қазақстандықтардың өміріне көп өзгеріс әкелді. Ел бірлігі артып, татуласу, сөзге тоқтау мәселелері көбейді.

– Заңдарды насихаттау, сот жүйесіндегі осындай игілікті қамтамасыз етуге өзінше басқарып отырған ақпарат бөлімі қандай іс-шаралар атқарды? Сіздердің журналист есебіндегі ұстанымдарыңыз қалай?

– Алғаш сот саласына медиация түсінігі енгенде біткен істердің көрсеткіші он пайыздан әріге аспайтын. Біз медиацияның насихатын жақсартуды қолға алып, соған белсене кірістік. Оңтүстік телеарнасынан «Сот және қоғам» деген бағдарлама ашып, сол телеарна арқылы бұл заңның артықшылығы мен жетістігін, соттардың, судьялардың осы бағыттағы ізденістерін көрсеттік. Ол хабарға судьялар, медиаторлар, заңгерлер келіп сөз сөйледі, оның ішінде алқа төрағалары да болды, аудандық сот төрағалары да қатысты. Міне, осын-

жарлығымен құрылған жаңа соттардың қатарында. Қалалық соттың құрамында төрт аудандық сот және жаңадан құрылған алты мамандандырылған сот бар. Шымкент қалалық соты бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотынан бөлініп шыққаннан кейін бұрынғы дүние-мүліктің барлығы да Түркістан облыстық сотына тиесілі болды, ал қалада тек ғимараттар ғана қалды. Мінекей, осындай қиындықтардың бәрі еңсерілді. Шымкент қаласы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Нұрсұлтан Төленұлы Байтілесов тынымсыз еңбектеніп, өзінің іскерлігінің арқасында соттар жұмысын бір күнге де тоқтатқан жоқ.

– Соттардың ашықтығы мен қолжетімділігі жайлы айтып жатырсыз. Соттардың қарапайым халықпен байланысу, кездесу ұйымдастыру реті қандай?

– Сот жеке шыққан алғашқы жылдары қалалық сотта тұрғындарды қабылдау орталығы ашылды. Ол енді жаңа форматта жұмыс істеп көпке үлгі

көрсете бастады. Сонымен қатар, 2019 жылы біздің қалалық сотта ақпарат орталығы ашылып, жергілікті журналистерге қолайлы жағдай жасалды. Ақпарат орталығымызда көптеген кездесу, брифингтер өткізіледі. Қоғаммен байланыс күшеймесе, соңғы жылдары еш әлсіреген жоқ. Төраға тікелей қадағалауына алып, қоғаммен байланысқа шығып отырады, ақпараттың еш бұрмалаусыз, дәл жеткізілуін үнемі тапсырып жатады.

Өзіңізге белгілі, екі жылдай елімізде пандемия, төтенше жағдай карантиндік кездер болды. Осы кездерде де біз БАҚ-пен байланысты үзбедік. Онлайн арқылы тығыз жұмыс істедік. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» сот ашықтық пен нақтылықпен қамтамасыз етілген. Заман талабы осы. Ақпарат халықтан алыс жатпау керек. Бұл жағынан бізде барлық процестер дыбыс-бейне жазба құралдары арқылы түсіріледі. Қалалық сот арасында міндетті түрде алқа төрағалары азаматтарды қабылдау күнін өткізеді. Бұл сотқа деген қолжетімділіктің жылдан жылға жақсарып келе жатқанының көрсеткіші. Бір сөзбен айтқанда, соттың ашықтығы болған жерде ғана әділдік болады.


– Әңгімеңізге рақмет. Істеріңіз жемісті болсын.

Сұхбаттасқан Ш.РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

Қызылорда облысы бойынша 2021–2022 оқу жылында 677 мектепке дейінгі ұйым, 322 мектеп жұмыс жасаған. Былтыр мектептерде 176 771 оқушы білім алып, тәрбие беру ісіне тартылған. Оқу маусымы аяқталар тұста облыстық білім басқармасының мамандары «Келесі оқу жылына алдын ала жасалған жоспарға сәйкес оқушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 4 500-ге артады. Бірінші сыныпқа 17 898 оқушы келеді»,– деп болжам жасаған болатын. Мамандар саннан аса қателеспеді. 2022–2023 оқу жылында бірінші сыныпқа 17 371 бала қабылданып, білім күнінде мектеп табылдырығын алғаш аттайды. 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында құжат қабылдау науқаны бойынша есеп осылай дейді. Бұл жайлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов жеткізді. Оның айтуынша, мектепке қабылдауға өтініштің 93%-ы электронды, 7%-ы қағаз түрінде қабылданған.

Білім мекемелері жаңа оқу маусымына тастүйін дайын көрінеді. Биыл облыс бойынша 4 350 орынға арналған 9 мектеп жаңа маусымнан бастап қызмет көрсете бастайды деген жоспар бар. Оның алтауы мемлекет қаражатынан салынса, үшеуі кәсіпкерлердің инвестициясы негізінде бой көтерді. Ең қуаныштысы екі бірдей апаттық жағдайдағы мектеп оқушылары білім күнінен бастап жаңа мектепте білім алатын болады.



Жаңадан бой көтерген білім ордасының бірі – «Байтерек School KZ» ЖШС-нің жауапкершілігіндегі мектеп. Заманауи құрылғылармен жабдықталған білім беру мекемесі бір мезетте 1500 балаға білім беруге қауқарлы. Ең бастысы мектеп жеке болғанымен биылғы оқу жылында ақысыз білім бермек. Айта кетейік, білім үйі атаулы серіктестіктің білім саласындағы екінші қадамы. 2019 жылдан бастап «Байтерек School KZ» ЖШС 340 орындық екі аусымды мектеп, 600 орындық ақылы мектеп және 250 балаға лайықталған мектеп интернатымен білім беру ұйымының қызметін үйлестіріп келеді. 2021–2022 оқу жылында білім ошағында жалпы 178 мұғалім білім беріп, 1522 оқушы білім алған. Сонымен қатар серіктес-

тікке тиесілі мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді үйлестіру үшін негізгі міндетті пәндерден бөлек сабақ уақытынан тыс кезде 8 үйірме жұмыс жасап тұр. Екінші мектеп Б.Күлтекенов көшесінде екенін естеріңізге саламыз.

Биылғы білім күні сабалықтар үшін де қуанышқа толы болмақ. Себебі, қала аумағында және қалаға жақын аймақтарда жаңа маусымда жаңадан жұмысын бастайтын мектептің бірі Саба-лақ елді мекенінде бой көтерген «Білім Орда» мектебі. Снимдылығы 400 бала. Бұл білім мекемесі де жеке кәсіпкердің меншігінде. Саба-лақ елді мекенінен қала орталығына қатынап оқитын оқушылар енді алысқа арбаламай-ақ, өз тұрғылық мекенжайларында білім алатын болады. Бұл жайлы белгілі ұстаз, білім беру

ісінің үздігі Қадыргүл Шаймағанбетова «Дұрыс болды. Алыс елді мекеннен, Саба-лақтан қатынап оқитын оқушылардың қауіпсіздігі үшін, ата-ананың алаң көңілі де жай табатын болды. Білімді сапалы алуға да зор көмегі болары сөзсіз» деп, сүйінші жаңалыққа қуанышты екенін әлеуметтік желілерде білдірді.

«Білім Орда» мектебі – жаңартылған білім беру ісіне қажетті құралдармен жабдықталған білім үйі. Оқушыларға арналған үйірмелер, спорттық алаңқайлар, заманауи білім кабинеттері бар.

Айта кетуіміз керек, «Білім Орда» мектебі қаламызда үш бірдей білім беру ұйымы бар «Orda Scholl» мектептер желісінің төртінші білім ұясы. Бұл жайлы «Orda School» жеке мектебінің директоры Рауаш Алиева «Орда School»



жеке мектебінің 400 орындық төртінші білім ұясы Саба-лақ елді мекенінен бой көтеріп, жаңа оқу жылын ақжолтай жаңалықпен бастағалы отырмыз. Бұрын бұл аумақта бірде-бір мектеп болмағандықтан, мұндағы балалар жолдың шалғайлығына қарамастан қалаға қатынап оқуға мәжбүр болып келген еді. Енді олар өз ауылында жаңа заманға сай жабдықталған білім ордасында білім алады. Сондай-ақ, аталмыш елді мекен тұрғындарының әлеуметтік әлеуетін ескере келе, оқушылардың бұл мектепте де абсолютті түрде тегін білім алуына жағдай жасадық», – дейді.

Алғашында 180 балаға білім беруге қауқарлы болған мектеп қазірде 2000 оқушыны оқытуда. Оқу сапасын арттыру мақсатында мұғалімдерге де қойылар талап жоғары. Қазіргі таңда білім мекемесінде 100-ден астам мұғалім қызмет жасауда. Олардың қатарында 30 педагог-модератор, 15 педагогика ғылымдарының магистрі, 10 педагог-сарапшы, 5 педагог-зерттеуші, 2 спорт шебері бар. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, тұлғалық қабілеттерін арттыру ісі де жолға қойылған. Сабақ уақытынан тыс мезгілдерде әр білім алушы өз қызығушылығына қарай домбыра, шахмат, дзюдо, сурет, би секілді үйірме жұмыстарына етене қатыса алады.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӘСІПОРЫН КӨП, НӘТИЖЕСІ АЗ

БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) дерегі бойынша Қазақстан жылқы етін тұтыну жағынан әлемде Қытай-дан кейін екінші орында тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, жан басына шаққанда жылқы етін тұтынудың жылдық көлемі елімізде 6 кг құрайды. Егер Қытай, Жапония, Франция сияқты мемлекеттерде жылқы еті сирек кездесетін, жеңіс ас саналса, Қазақстанда ол халықтың ас мәзірінде тұрақты өз орнын тапқан азық-түліктің бірі саналады.

Сарапшылардың айтуынша, әлемде жылқы етін тұтынатын халықтың саны аса көп болмағанымен, оның тағамдық қана емес, емдік-дәрумендік қасиеті мол болғандықтан оған деген қызығушылық соңғы жылдары әлемде күрт өсіп келе жатыр. Оған оңай қорытылуы мен дәрумендік қасиеті жағынан жылқы етіне тең келетін ет әлі күнге дейін табылмауы да өз әсерін тигізуде. Сондықтан жылқы етін таңсық ас ретінде ғана емес, күнделікті тұтынатын тағамдардың құрамына қосуға деген талпыныс өте жоғары болып тұр. Сол себепті, жылқы етіне деген сұраныстың енді өспесе, кемімейтінін аңғарған ғалымдар оны жасанды жолмен өсірудің түрлі жолдарын іздестіре бастады. Соның бірі көрыілес Ресейдегі Қазан федеральды университетінде жүргізілуде. Онда 2020 жылдан бастап жылқы етін асханалық клеткадан өсіру қолға алынып, 3 жылда оны өндірістік тұрғыда жолға қою жоспарлануда. Сондай-ақ, жасанды ет өсіретін мамандар үшін қосымша білім беру бағдарламасы да іске қосылған. Жер көлемі жағынан ғана емес, мал шаруашылығына жарамды жайылымдарының көлемі жағынан да әлемдегі көшбасшы елдердің бірі саналатын Қазақстан әзірге етті жасанды жолмен дайындауға көңіл бөліп жатқан жоқ. Сонау есте жоқ ескі замандардан бері табиғи, таза өнімдерді тұтынып келе жатқан халқымыздың әрбір өңірдегі табиғи ерекшелігіне байланысты онда өсірілетін жылқының өнімін тұтыну-да да өзіндік талғамы қалыптасқан. Оны бір кездері моңғол жылқысының арзандығына қызығып, Моңғолиядан ірі көлемде жылқы етін импорттауға тырысқан кәсіпкерлердің сәтсіз әрекеті дәлелдеді. Жылқытанушы ғалымдардың айтуынша, шетелдік жылқы еті көп жағдайда шұжық және заманауи жеңіл тағамдарды әзірлеу-

ге қолданылады.

Еліміздегі жылқы саны қазір 4,1 млн-нан асқанымен, Қазақстан әлі күнге дейін өзін-өзі жылқы еті өнімдерімен толық қамтамасыз ете алмауда. Сондықтан им-порттық жылқы еті өнімдерінің көлемі экспорттан әлдеқайда жоғары болып отыр. Мәселен, былтыр республикаға 5,2 млн доллардың 2,4 мың тонна өнімі сырт-тан әкелініп, 1 мың доллардың 0,04 тонна өнімі ғана импортталған екен. Оның өзі Жапонияға ғана. Ал импорттық өнім-дердің басым бөлігі Аргентина (1,1 мың тонна), Уругвай (840 тонна), Ресей (235 тонна), Моңғолия (100 тонна) елдерінің үлесіне тиіп отыр. Бұдан бөлек елімізге Беларусь, Болгария, Бразилия, Исландия, Мексика, Молдова және Моңғолиядан да біршама өнім әкелінген. Қазақстанда жылқы еті өнімдерін тұтыну көлемі коро-

сөздер нәтижесінде Жапонияның ауыл, орман және балық шаруашылығы ми-нистрлігі жылқы еті мен одан жасалған өнімдердің экспортына қатысты ветери-нарлық сертификатты мақұлдады. Сон-дай-ақ, 2020 жылы 25 мамырдан бастап қазақстандық жылқы етін экспорттаушы-лар үшін Жапония нарығының ашылға-нын ресми хабарламамен растады. Соның нәтижесінде Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Жапонияға ет және одан жасалған өнімдерін экспорттауға дайын екенін мәлімдеген қазақстандық 34 кәсіпорынның тізімі мен құжатын серік-тес ел мақұлдаған кезде бұл жаңалыққа елеңдегендер аз болған жоқ. Өйткені, сол уақытқа дейін Жапонияға жылқы етінің негізгі экспорттаушысы Канада елі болып келген еді. Биыл Жапонияға жылқы етін экспорттауға құқығы бар қазақстандық

Сіз не дейсіз?

Қайрат ЖӘЛЕЛҰЛЫ, жылқытанушы:

«Қаржы бөлінбесе де, жобаның болашағы зор»

– Жылқы еті Жапония, Корея сияқты елдерде деликатес, емдік ас ретінде пайдаланылады. Құны өте жоғары. Егер қазақ даласында өсіріл-ген, экологиялық және өзге де сапалық көрсеткіштері таза жылқы етін мұндай елдерге экспорттай алсақ орынды болар еді. Қазір онымен Жеті-су облысында 10 мың бастай жылқы өсіріп жатқан Бауыржан Оспанов деген азамат айналысып жатыр. Үлкен ет комбинатын салдырды. Біздің бұл өндірушімен мраморлық ет өндіруге қатысты бір жобамыз бар. Әзірше қаржы бөлінбегенмен бұл жобаның да болашағы зор.

Қазір шетелден жылқы әкеліп жатқандар көп жағдайда оған спорттық тұрғыдан қарайды. Сондықтан қыркүйектің 9-ында Аты-рау облысындағы Миялы ауылында «Қолтума жылқылардың бүгіні және болашағы деген» тақырыппен республикалық үлкен бір конференция өткелі отыр. Сол жерде де осы мәселе жан-жақты сөз болады деп жоспарлануда.



навирус індегі тарала бастағанға дейін 4 келіні ғана құраған еді. Соңғы 2 жылда ол 2 келіге ұлғайып отыр. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда, биыл алғашқы тоқсанда 28,2 мың тонна жылқы еті өндірілді. Оның 4 мыңы Түркістан, 3,9 мыңы Алматы, 3,1 мыңы Қарағанды, 3,1 мыңы Шығыс Қазақстан, 2,4 мыңы Ақтөбе облысының үлесінде.

«Жесең тісіне, жемесең түсіңе» кіретін жылқы етінің бағасы сұраныс болған-дықтан енді әрдайым өспесе, кемімейді. Осыған қарамастан қазақстандық фер-мерлердің өз өнімін экспорттайтын нарық іздеп жүргеніне бірнеше жыл болды. Бұл бағытта Ауыл шаруашылығы министрлігі 2018 жылы Жапониядағы әріптестеріне арнайы сұрау да салған болатын. Келіс-

кәсіпорындардың саны 43-ке жетті. Бұл жолы мұндай құрметке Қарағанды облы-сынан – 3, Алматы облысы мен Атырау қаласынан екі-екіден, Ақмола, Қостанай облыстарынан бір-бір кәсіпорын ие болды. Бұған дейін бұл тізімге енген 34 кәсіпорынның ішінде Қостанай облы-сынан – 5, Ақмола, Түркістан, Павлодар облыстарынан төрт-төрттен, Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарынан үш-үштен, Шығыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласынан екі-екіден, Алматы қаласы мен Ақтөбе, Атырау, Батыс Қа-зақстан облыстарынан бір-бір кәсіпорын болған еді.

Қазақстанда кеңестік дәуірде жылқы терісін өңдейтін кәсіпорындар болмаған еді. Өткен ғасырдың басында 5 млн-ға дейін жеткен оның саны 1990 жылдары 1,5 млн-ға дейін азайып кеткен еді. Жыл он екі ай жайылымда жүретін жылқы өзге түліктердей күй таңдамайтындықтан соңғы 30 жылда саны 2 есе өсті. Соның нәтижесінде ол мал шаруашылығы сала-сында өзге түліктердің саны 1991 жылғы көрсеткішке әлі жете алмай жатқанда, бұл межеден асқан жалғыз түлік боп қалуда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



КӨГІЛДІР ОТЫН

ГАЗ ҚОРЫ БОЛҒАНЫМЕН, ОНЫ ӨНДЕЙТІН ЖЕР ТАПШЫ

«Самұрық-Қазына» алаңын-да БАҚ өкілдерімен кездесу кезінде «QazaqGaz» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Санжар Жаркешов елімізде 3.8 трлн текше метр газ қоры барын айтты. Оның айтуынша, бұл 100 жылға жетеді. Ондағы мәселенің бәрі шикізатты өңдеу қуаттарының тапшылығына тіреліп тұр.

– Мемлекет басшысы 2023 жылы тау-арлық газ тапшылығы орын алуы мүмкін деген болжам айтқан болатын. QazaqGaz командасы ішкі нарықта тауарлық газ тапшылығын бір жылға жылжытуға мүм-кіндік берген дағдарысқа қарсы шараларды қабылдады. 2024 жылы сұраныс ұсыныстан асып түседі, газ балансының мәселесі өте өзекті, – деген С.Жаркешов газ саласын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын жасау жайын қозғады. Еліміздің әлеуметтік транзитті Орталық Азия газ бабына айналуға мүмкіндік береді. Газ – таза энергияға көшу мен ESG принциптерін енгізуде транзиттік отын болып табылады. Еліміз өзінің ар-тықшылықтарын пайдалануы тиіс.

– Табиғи газ қоры жеткілікті, дәл қазір тауарлық газ тапшылығын айтып отырмыз. Негативті сценариді болдырмау үшін, газ өңдеу қуаттарын арттыру қажет. Баға реформасы да кезек күттірмейтін мәселе, бұл жерде халық пен үкіметтің қолдауы керек, – дейді «QazaqGaz» басшысы. Ұлт-тық компанияның басқарма төрағасының сөзіне қарағанда, мемлекет жер қойнауын

пайдаланушылардан газды өз құнынан төмен бағамен сатып алып отыр. Әрбір текше метрден QazaqGaz 10 теңге жоғал-тады. Тек 2022 жылдың өзінде компания 180 млрд теңгеден қағылады. Егер баға реформасын жасап, тарифтерді түзетпе-сек, алдағы 2-3 жылда QazaqGaz шығыны триллион теңгеге жуықтайды.

QazaqGazдың баға реттеуге еш қатысы жоғын, бұл сұрақ толықтай мемлекеттік органдардың құзыретіндегі шаруа екенін алға тартқан С.Жаркешов жаңадан жаса-лып жатқан әлеуметтік баға реформасы өнеркәсіптік компанияларға бағытталға-нын да атап өтті.

Мемлекет басшысы былтырғы жолда-уында: «Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша каби-неттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтыра-ды. Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса көптеген салада басымдыққа ие, жеңіл-діктерді жеке дара пайдаланады. Біз бұл проблемаларды шеше бастадық. Мәселен, Мемлекеттік басқару тұжырымдамасында квазимемлекеттік сектордың қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылған.

Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жеке-шелендірудің жаңа жоспарын мақұлдады. Енді оны қатаң бақылау қажет. Бұдан басқа да мәселелер бар. Атап айтқанда, жекеле-ген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға бағып жатыр. Сөй-те тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайды? Үкімет бұл мәселені шешуі керек», – деген болатын. Сондай-ақ, экология мәселесі басты назар-да болуы тиіс екенін айта келіп, мейлінше ластанған 10 қаланы орта мерзімді кезең-де газға немесе баламалы қуат көздеріне көшіру жайын да сөз еткен еді. 2021 жылы батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жасқарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойын-ша жұмыс басталатынын да атап өтті. Ол – Қашағандағы газ өңдеу зауытының және «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистралды газ құбырының құрылысы, сондай-ақ, «Бейнеу-Жаңаөзен» магистралды газ құ-бырын жаңғырту жұмысы болатын.

2022 жылдың ақпан айында QazaqGaz басқарма төрағасы болып тағайындалған Санжар Жаркешовтың айтуынша, жарты жылда қабылданған жедел шаралар Қа-зақстанның ішкі нарығында тауарлық газ тапшылығының алдын алуға көмектесті. Енді газды барлау мен өндірудің жаңа жо-балары есебінен ресурстық жобаны кеңей-ту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СҰХБАТ



Жәнділдә ЖАҚЫПОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қаласы бойынша медиаторлық кеңестің басшысы:

«ҚОҒАМДЫҚ МЕДИАТОРЛАРДЫҢ БАҒАСЫ АРТТЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– ҚХА Медиаторлық кеңестерінің жұмысына кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– ҚХА-ның Алматы қаласы бойынша медиаторлық кеңесінде бүгінге дейін түрлі деңгейдегі мыңғы жуық шаралар өткізілді. Қалада медиация кабинеттері Достық үйінен бастап, аудандық соттарда, аудандардың әкімшілік ғимараты мен аудан әкімдері аппаратының азаматтық хал-ак-тілерін тіркеу бөлімдерінде де ашылған. Осы кабинеттердің көмегі өте зор. Оларда дау-дамайлар бойынша жүгінген тұлғаларға медиаторлар тиісті көмегін беріп, істері сотқа жетпей тұрып немесе соттан тыс, сонымен қатар сот шешімі бола тұра орындау өндірісі кезінде де медиация рәсімі өткізіледі.

Егер нақты статистикаға сүйенсек, соңғы уақытта сотқа дейінгі келіспеушіліктердің басым көпшілігі қоғамдық медиаторлардың көме-гімен реттеліп отыр. Ол сотқа берілген істердің 5-7 пайызы десем қателес-песпін. Бұл көрсеткіш Алматы қаласында да ұқсас.

– Қоғамдық медиаторлардың жұмысы қаншалықты заңмен рет-телген?

– Қоғамдық медиатор, енді басталып келе жатқан дауды ары қарай ушықтырмай реттеуге көмек беріп, оны тоқтата алады. «Бәрін айт та, бірін айт» демекші, осы арада біздің қоғамымыздағы шешілмеген сұрақтарға да тоқтала кетейін. Өз басым 2020 жылдың басынан бастап заңнамала-рымызға соттан тыс дауларды реттеуде толықтырулар мен өзгерістер енгізуге байланысты Парламент Сенаты мен Мәжілісінде құрылған жұ-мыс топтарында болдым. Бұл заң 2021 жылы желтоқсан айында жарық көрді. Ондағы өзгерістердің бірі бұрынғы «кәсіби емес медиатор» деген атау «қоғамдық медиаторға» ауыстырылды. Алайда, күні бүгінге дейін осы тұлғаларды арнайы дайындықтан өткізу қарастырылмағандықтан көптеген қиындықтар болып жатады. Кәсіби медиатор 12-13 құжат тол-тырады. Басқа бөлімді есептемегенде оның өзі бір жатқан құзыреттілік. Яғни, медиаторлардың қызметінің қыр-сырлары жеткілікті. Алайда, бізде қоғамдық медиаторлар үшін арнайы оқу курстары қарастырылмаған. Мені осы қатты ойландарады.

– Естүімізше медиатор ретінде этносаралық дауға ұласа жаздаған күрделі істерге араласқан кездеріңіз аз болмапты. Бұл бағыттағы өз тәжірибеңізбен бөлісе кетсеңіз?

– Жеке өз басым өткізген мыңнан аса медиация рәсіміне қатысушылар-дың шамамен 30-40 пайызы түрлі ұлт өкілдері болды. Бірақ олардың бәрін «этносаралық дау» деп айтуға болмайды. Себебі, олар тұлғалар. Өрине мен өткізген медиация рәсімдерінің ішінде этносаралық қақтығысқа дейін ұласа жаздаған даулар болды. Мысалы, бірде жол апатынан көп балалы, басқа ұлт өкілі дүниеден озады. Көлік тізгінінде отырған қазақ жігіті екен. Қайтыс болған адамның ауылдастары бұл үшін барлық қазактардың үйін өртейміз деген ойлары болған екен. Үш жарым сағатқа созылған келіссөз кезінде, бұл мәселе бейбіт жолмен реттелді. Ал тағы бір дауда қақтығыс кезінде басқа ұлт өкілі өмірден өтіп, қайтыс болған баланың достары алаңға шығып, «қимылға» дайындалып жатқанда, біз екі медиатор болып барып сол дауды реттеуге қатыстық. Онда кәсібімізге байланысты барлық амал-тәсілдерімізді қолдана отыра, ол қақтығысқа да «нүкте» қойдық. Айта берсем, менім тәжірибемде осындай жағдайлар өте көп. Дегенмен, өз басым «тап-таза түрде этносаралық, ұлтаралық қақтығыстар жоқ» деп санайтын, сонымен бірге «осындай жағдайларды кей адамдар өз пайдала-рына бұрмалайды» дейтіндерге толығымен қосыламын. Қандай дау болма-сын, қатысушылар – адам баласы. Сондықтан, олардың әрқайсысына сөй-лескенде медиаторлық құзыреттілікті қолдана отыра көмектесуге болады. Енді бір мәселе, медиация рәсімін «татуластыру рәсімімен» теңестіргенге мен келіспеймін. Бұл – медиаторлық көмегін өтетін медиация рәсімі. Ия, оннан бір бөлігі татуласады, ал шынында олар өзара, өздеріне керек тиімді жолмен, өздері ғана, құпия түрде шешеді. Медиатор кеңес беруге де құқылы емес. Бізді шет елдерде «үндемес сарапшы» дейтіні бекер емес.

Мен Кеңес Одағы кезінде Ресейде тергеу изоляторы қызметкері бол-дым. Сонда менімен бір Әзірбайжан елінің жігіті, таулы Қарабах елінде әке-шешесі тұратын ұлты армян қызметкері де болатын. Біріміз қызметте әріптес, доспыз. Сонда, жыл сайын (өткен ғасырдың 90-жылдары) армян досымыз еңбек демалысы кезінде Қарабахқа әзірбайжандармен соғысуға кетеді. Еңбек демалысы бітіп, Қарабахтан Саратов қаласына қайтып кел-генде, әзірбайжан досымызбен бірге құшақ жайып қарсы аламыз. Бір кел-генде, армян досымыз тап-тақыр боп қырылған шашы мен шөкесіндегі үл-діреп тұрған терісін көрсетіп әзірбайжан досымызға: «Ей, досым қарашы сенің әзірбайжандарың бір миллиметрге қателесті, әйтпегенде мен қайтпас едім...», деп қарқылдап күледі. Міне осы жайттың өзі, этносаралық даудың жоқтығына нақты мысал бола алады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР УАҚЫТ СҰРАНЫСЫНАН ТУДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халықаралық қауымдастықтың еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми және саяси жетістіктерін мойындауы осының айқын айғағы.

Еліміздің Ата Заңы ғасырлар бойы азаттықты аңсаған халқымыздың мақсат-мүддесін заң тілімен айшықтаған қасиетті де қастерлі құжат. Ол республика тұрғындарының адамдық қадір-қасиетіне қол сұғылмауына, ар-ождан бостандығын қорғауға, тіліміз бен дініміздің дамуына, маңдай терімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді.

Татулық пен тыныштықтың, тұрақтылықтың мекені болып табылатын кен байтақ елімізде сан түрлі ұлт өкілдері өмір сүруде. Алғашқы Ата Заңымыз қабылданғаннан бергі отыз жыл өткен жолымызды, жеткен жетістіктерімізді таразылап, алдағы асқаралы міндеттерді белгілеуге кең жол ашып отыр. Президенттің өкілеттіктерін шектеп, Парламенттің рөлін көтеру, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дамуына ойдағыдай жағдай тудызы, сайлау жүйесін реформалау, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған маңызды тарихи қадамдар еліміздің шын мәніндегі Президенттік-Парламенттік республикаға айналғанын айқын аңғартады.

Еліміздің Ата Заңы түрлі ғаламдық қиыншылықтарға қарамастан уақыт сынынан сүрінбей өтті.

Осы жылдар аралығында сот, прокуратура, құқық қорғау органдарында ғасыр жүгіне парапар ауқымды реформалар қолға алынып, қылмыстық-құқықтық саясатты ізгілендіру үрдісі жүзеге асырылуда. Тәуелсіздікпен бірге сот жүйесі де дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Жаңа кодекстер қабылданып, электронды сот төрелігі мен цифрландыру жүйесі енгізілді. Қазіргі сот жүйесі сот төрелігін жүргізуді қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық



және әкімшілік сот болып төрт түрлі формада жүзеге асырады. Осы орайда татуластыру рәсімінің облысымыздың барлық соттарында белсенділікпен жүзеге асып жатқанын атап өткен жөн. Жер-жерде медиация орталықтары, татуластыру кабинеттері ашылды. Билер кеңесі мүшелері, медиаторлар бітімгершілік рәсімдерін жүргізуге белсене атсалысуда. Облысымыздың соттарында талап арыздардың 100 пайызы «Сот кабинеті» IT сервисі арқылы қабылданауда. Облыс соттарында электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданысқа енуде. «100 нақты қадам: – Ұлт жоспары», «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан», «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-COT», «Онтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» жобалары көптің көңілінен шығуда.

Ата Заңымыз азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, өздерінің мемлекеттің сенімді қорғауында екенін терең сезінулеріне мүмкіндік берді.

Сондықтанда дарабоз заңгер Сұлтан Сартаев ағамыздың: «Тәуелсіздік алған елге бірлік керек. Заманымыздың қиыншылығына қарай ақылдан бұрын ашу жүрмесін. Ашу кернеп, жалаң тілді алға салмайық. Әр істеген ісімізде ой қорытындысы, парасаттылық болсын. Әлеуметтік, саяси, экономикалық бостандықты орнықтыру, жаңалыққа жол ашу үшін күпірлі сөзден аулақ болып, дүбірлі ортақ істің бабын баптап, халқымыздың қажыр-қайратын жасампаздық арнасына бағыттап, ел алдындағы парызымызды орындайық, қарызымызды қайтарайық»,– деген қанатты сөзін әрдайым есте ұстағанымыз абзал. Ынтымақ, бірлік, тату-тәтті тіршіліктегі жетістіктерімізді одан әрі тұғырландыра түсуі үшін жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеп, Конституциямыздың әлеуетін арттыра беру әрқайсысымыздың абыройлы борышымыз болуы керек.

Алмат ЕРМАНОВ,
Қостанай облыстық соты
азаматтық істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда онтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым-қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени-ізгілік бағытын түсіндіретін әлеуметтік-философиялық пән. Мұнда адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, әр ортаға тән, біреудің жеке құндылығын сыйлайтын белгілі бір этика нормаларын сақтайды. Этика дегеніміз – тәртіпті сақтау ережелері мен жеке адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Ал бұл нормалар адамдардың мораль және адамгершілік қасиеттерінің болуымен тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметші үшін бұл екі есе үлкен жауапкершілік. Оның өзіне шектен тыс сенімді болуы, қызметтестеріне, бағыныштылары мен

келушілерге өктемдік көрсетіп, шыдамсыздық танытуы – үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің ақиқатты айтатын шыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиетінің өлшемі. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға қарсылық таныта отырып, атағы мен мансабы үшін этика нормаларын ұмытуы әріптестері мен қарапайым халық арасындағы беделін түсіреді. Сондықтан да, кез келген мемлекеттік қызметші адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен мемлекеттік қызметші болуымен тығыз байланысты.

Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалғып кетті ме, әлде қызығып, көмек-

тесуге дайындалуда ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас мәселесі әңгімелесушінікіне қарағанда анағұрлым күрделі, қиын болса да, ол тыңдаушы ретінде өз қиындығын естен шығара тұруы тиіс. Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы – мемлекеттік қызметшінің беделі. Оның әрбір сөйлегені қысқа да нұсқа, сауатты құрылған сөйлемдерден тұруы тиіс. Сіз ойыңызды дұрыс құрап жеткізе алмасаңыз, қандай құнды пікір айтам дегенмен ол дұрыс қабылданбауы мүмкін.

Еліміздің ертеңі бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің адамдық парасаты мен ар-ождан және кәсібилігіне байланысты.

О.СЕЙСЕНТАЕВ,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы

Қызылорда облысы ПД-нің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері құқықтық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында «Арай-Sunrise» лагерінде демалып жатқан жасөспірімдермен кездесу өткізді.

Кездесу аясында балалармен есірткінің зияны туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, заң талаптарына сәйкес есірткіге байланысты құқықбұзушылықтарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік қарастырылғаны түсіндірілді. Полиция қызметкерлері оқушыларға есірткінің қаншалықты зиян екенін, тіпті адам өліміне дейін әкеліп соғатынын жеткізе білді.

Есірткімен күресушілер осы күнге дейін өткізіліп жатқан іс-шаралар, оны сатып алу көздерін анықтау ая-



сында жүргізілген рейдтік жұмыстары туралы айтып берді. Кинологтар жарылғыш заттарды, есірткінің ор-

наласқан жерін иіс арқылы анықтайтын қызметтік иттердің жұмысымен таныстырды.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

КЕЗЕҢДЕР АЙҒАҒЫ

Мұрағат – ол тарих, ол дәлел, ол кезеңдер айғағы мен өткеннің белгісі. Қай саланы алсаңыз да, өз мұрағатын мектен тұтады. Мұрағат құжаттары арқылы өткеніне үңіледі. Елдегі өзге салалар секілді сот саласы да мұрағат ісіне аса үлкен жауапкершілік пен ыждаһаттылықпен қарайды. Себебі, онда тек қызметкерлердің өткен өмірі емес, адам тағдырына қатысты мөрдей нақтыланған айғақты құжаттар сақталады. Адам өмірінің өткен сабақтары осы мұрағаттар арқылы сөйлейді келер ұрпаққа. Бұған дейінгі кезеңдерде мұрағаттарға мән беру, оларды жаңалау, жаңа сандық және электронды форматтарға көшіру аса елеп ескеріле бермейтін. Бірақ соңғы жылдары сот жүйесі үлкен ауқымды процестерді басынан өткере отырып, дамудың даңғыл жолына түсті. Мұрағаттардың дерлігі қағаздық нұсқаларынан алыстап, ақырындап электронды форматқа, сандық жүйеге көшті. Бұл осы саладағы ашықтық пен қолжетімділікке жол ашты.

Соттардағы азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істер мен материалдарды сақтау мерзімі, оларды қайта өңдеу немесе электронды нұсқаға көшіру процесі арнайы науқан есебінде жүрді. Сот жүйелері ең алдымен өз құрылымдарын жаңа технологиядағы техникалармен жабықтауға, соған лайықты жаңартылған ғимараттарға көшті. Істерді мұрағатқа қабылдау барысында істер бойынша реквизиттерді, электронды түрде салынған құжаттарды белгілі ретпен орналастырады. Сот істері мен материалдардың өңделуі талапқа сай болмаған уақытта мұрағатқа қабылданбайды. Сот істері мен материалдары және басқа да құжаттар есеп нөмірлері бойынша жылдар бойы сақталады, ал, істер сұрату бойынша жолданған жағдайда, мұрағатта есепке алынып, уақытылы қайтарылуы қадағаланады. Қазақстан соттарының қызметіндегі мұрағатқа құжаттарды өңдеу, уақытша сақтау және тұрақты сақтау үшін құжаттарды мемлекеттік мұрағатқа беру тәртібі көрсетілген Ереженің талаптары барлық соттарда өз тәртібімен сақталады. Алақөл аудандық сотында «Сот құжаттарын қалыптастыру, іріктеу, есепке алу, уақытша сақтау және мемлекеттік мұрағат мекемелеріне тұрақты сақтауға беру тәртібі туралы» ережені зерделеу бойынша үнемі семинарлар мен жиындар өтіп тұрады. Әдеттегі және электрондық ақпарат мүмкіндіктері ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарын қабылдау, сақтау, сақталуын қамтамасыз ету, есепке алу, пайдалану және белгіленген тәртіппен реттеу ісін жүзеге асырады.

Сот істерін мұрағатқа уақытша сақтауға рәсімдеуге, қалыптастыруға, уақытылы беруге жауапты қызметкерлер, сондай-ақ, мұрағатқа жауапты қызметкерлер өз жұмысында өзінің құқықтық мәртебесі мен қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, осы ережелердің талаптарын қатаң басшылыққа алады. Аудандық сотта қылмыстық, азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің құжаттарын заманға сай ғылыми-техникалық өңдеу қажеттілігі де айтылды.

Э.БЕДЕЛБАЕВА,
Алақөл аудандық сотының жетекші маманы
ЖЕТИСҰ ОБЛЫСЫ

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Қызылорда облысының Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты ЗК-169/1 мекемесінде Абай еңбектерін жатқа айтқан сотталғандар «Балқаймақ» дүкенінің өнімдеріне ие болды.

Бұл өнімдерді алуға Қорқыт университетінің пиар менеджері Талғат Меңдібайұлы сеп болып, облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Тілес Оспанұлы демеушілік жасады.

10 тамыз Абай Құнанбайұлының туған күніне орай темір торға қамалғандар арасында кеменгердің еңбектерін дәріптеуге арналған байқау жарыс түрінде өткізілді.

Іс-шараға ұлы ақынның өмірбаяны мен шығармаларын жатқа білетін экстремизм және терроризм баптары бойынша сотталған азаматтар қатысты. Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде, байқауға қатысушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Бұл кезеңде сотталғандар ақынның табиғат лирикалары мен өнер-ғылымға арнаған шығармаларын нақышына келтіріп орындады.

Екінші кезеңде, Абайдың қара сөздерін оқып, мән-мағынасын ашып, ойшыл ғұламаның сөздерінен ғибратты ой түйіндеді. Ал, үшінші бөлім шарты бойынша, дана тұлғаның дара өмір жолы мен шығармашылығы жайында дайындалған сұрақтарға жауап берді.

– Бұл іс-шараның мақсаты – сотталғандарды ұлы ойшылдың шығармашылығымен және өмірбаянымен таныстыру. Абай туралы қарапайым түсінік беріп қана қоймай, оны ата-бабалар мұрасы ретінде тануға, құрметтеуге, түсінуге үйрету. Абай өлеңдері еңбекке, ғылым, өнер үйренуге, адамгершілікке тәрбиелейді. Сол себепті оның шығармалары мен қара сөздерін сотталғандардың жатқа айтуы олардың түзелуіне үлкен септігін тигізетіні анық – дейді мекеме бастығының тәрбие жөніндегі орынбасар, әділет майоры Қайрат Олжабаев.

Жарыс нәтижесінде, Абайдың өмірбаяны мен қара сөздерін жатқа айтып, қойылған сұрақтарға толық жауап берген Н есімді сотталушы 1-орынды иеленді. Талғат Меңдібай, бұл жазасын өтеушіге «Адамзаттың алтын тәжі» деген тақырыпта жазылған Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны жайлы кітапты сыйға берді.

Ал, қалған екінші, үшінші орын алған сотталғандарға таза табиғи заттардан жасалған «Балқаймақ» дүкен өнімдері таратылды.

Раушан НАРБЕК



ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

БАЛА АРМАНЫ – ЗОРЛЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

Ең жиі кездесетін құқық бұзушылық – бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы қылмыстар. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігі зардап шегуші физикалық ауырсыну мен психикалық күйзеліске түседі.

Бірте-бірте олар үнемі зорлық-зомбылыққа ұшырау қорқынышында өмір сүріп, олардың өзін-өзі бағалауы төмендейді, қорғаныс қабілеттері жоғалады, ал, олардың орнына әлсіздік, кішіпейлділік, депрессия және үмітсіздік пайда болады.

Мұндай жағдайға жеткен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары өздерінің қол сұғылмаушылығына да мән бермей, тіпті өмірінде де құндылық қалмайды.

Бұл, әсіресе кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың іс-әрекеттерінде көп байқалады.

Балалардың көз алдында болған отбасындағы зорлық-зомбылық оларға моральдық зиян келтіріп, оларды отбасындағы зорлық-зомбылыққа үйретеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық басқалардан туындайтын зорлық-зомбылықтан ерекшеленеді, өйткені бірге өмір сүріп жатқандықтан, жәбірленуші зорлық-зомбылық көрсететін



адамға материалдық және моральдық тұрғыдан тәуелді.

Бұндай қылмыстың алдын-алу мақсатында аудандық сот тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу жөніндегі іс-қимыл алгоритмін бекітіп, жұмыс тобының құрамын жасақтады. Топтың құрамына судья, аудандық прокуратура, полиция бөлімі, білім беру бөлімі, кәсіби емес медиаторлар кірді.

Елімізде болып жатқан барлық күйзелістер біздің өмірімізді бұрын және кейінге бөледі.

Осы жол қиылысында біз көп нәрсені түсініп, қабылдай бастаймыз. Біз жаһандық және маңызды қиындықтармен бетпе-бет келдік, ол біздің жеке басымызды өзгертті!

Есіңізде болсын, қиындықтарды бірге өткізіп, проблемаларды бірге шешуге болады, сонда ғана отбасылық құндылық артады.

А.БИСЕНОВА,
Қазталов аудандық №2 сотының
кеңсе меңгерушісі

ЕРІКТІЛЕР

ЖАС ВОЛОНТЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

Түркі мемлекеттері ұйымында 2022 жылғы іс-шаралар «Жастар бастамаларын қолдау жылы» деген ұранымен өтіп жатыр.

Мәселен, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің волонтерлік ұйымдарына, жастар саласына жетекшілік ететін жас волонтерлер мен мемлекеттік органдардың өкілдері 1-5 тамыз күндері Түркияның Стамбұл қаласына жиналды. Онда Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) аясында І Жастар волонтерлігін оқыту бағдарламасы ұйымдастырылған болатын. Олар онда ТМҰ еріктілер пулын анықтау; волонтерлік,

оның ішінде жастар саласындағы құқықтық инфрақұрылымдар;ТМҰ елдері арасында үйлестіру мен ынтымақтастықты жолға қою және ТМҰ елдерінде волонтерлік мәдениетті дамыту; жастардың еріктілік туралы мәліметін арттыру жолдарын талқылады.

Бұған дейін Өзбекстанның Бұхара қаласында ТМҰ жас көшбасшыларының IV форумы өткен болатын. Оған елімізден Президент жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшелері, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері, музыка, спорт, креативті индустрия және IT салаларында жетістікке қол жеткізген жастар қатысқан еді.

Жалпы Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) тарихы Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы кеңесінен басталады. 2009 жылы 3 қазанда Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия арасында қол қойылған Нахчыван келісімі негізінде құрылған болатын. Оған 9 жылдан кейін Өзбекстан да қосылып, Мажарстан бақылаушы, Түрікменстан әлеуетті мүше мәртебесіне ие болды. Ал 2021 жылы 12 қарашада стамбұлда өткен саммитте Түркі кеңесінің атауы Түркі мемлекеттері ұйымы болып өзгертілді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
«Зан газеті»



Е.КЕБЕКБАЙ
«Зан газеті»

БАНКРОТТЫҚ

10. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық ұлттық сотының 08.08.2022 ж. ұйғарымымен «АКМ -ПІЛАНУМ» ЖШС-н (БИН 111240012461) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

ӨРТҮРЛІ

9. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – Серіктестік) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңның 45-бабына сәйкес, өзінің қатысушыларына Серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі:

Серіктестіктің 2021 жылғы қаржылық есептілігін бекіту туралы;

Таза табысты бөлу туралы;

Серіктестіктің атқарушы органын сайлау туралы.

Өтетін орны мен уақыты: 13 қыркүйек, 2022 жыл, 11 сағат 00 минут, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302.

Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңның 47-бабында белгілен тәртіп бойынша өтеді.

Қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің материалдарымен мына мекенжайда танысуға болады: Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Тел.: 8(727)3936990.

6. Алматы қаласы, Алатау аудандық соты аз. Перепелица Людмила Дмитриевнаның 26.06.1973 ж.т., Алматы қаласының тумасы, тұрақты жұмысы болмаған азамат Перепелица Вячеслав Владимировичті қайтыс болған деп тану туралы өтініші бойынша қозғалған азаматтық істі қарастыруда. Перепелица Вячеслав Владимировичтің жүрген жері туралы білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшамауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26 үй мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына хабарласуын сұраймыз.

11. Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 285 үй мекенжайы бойынша тұратын Шатанова Мейрамхан Тайсариқызы (ЖСН 631109402534). Алматы қаласының тұрғыны 03.03.1987 жылы туған, 11.02.2019 жылы жоғалу кезінде жұмыссыз Шатанов Дастан Даулетқазыұлын хабарсыз кетті немесе қайтыс болды деп жариялау

туралы арызбен Алматы қаласының Түркісіб аудандық сотына жүгінді. Шатанов Дастан Даулетқазыұлының жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Спартак көшесі 11. Тел. 8 (727) 333-13-80 мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Түркісіб аудандық сотына хабарлауды сұраймыз.

12. «Бірлік Қазақстан» ЖШС қатысушылары «Бірлік Қазақстан» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды. Жиналыс 2022 жылы 17 қыркүйекте Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 11:00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: СКО, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, 15 жылдық Қазақстан ауылы, Школьная көшесі, 1-ғимарат. Күн тәртібінде келесі мәселе қаралады: «Бірлік Қазақстан» ЖШС мүшелігінен шығу және оларға бір массив бойынша заттай жер учаскелерін беру туралы.

13. «Lending and Financy technologies» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150840012933, орналасқан жерінің өзгергені туралы хабарлайды.

«Lending and Financy technologies» микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің жаңа орналасқан жері: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 134 үй болып саналсын.

15. Осымен «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» акционерлік қоғамы (БСН 940840000767, Қазақстан, 070406, Алматы облысы, Іле ауданы, ҚазЦИК ауылы, Өнеркәсіптік аймақ, 15 учаске, +77017279128, 8(727)299-43-84, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2022 жылғы 8 тамызда Директорлар кеңесімен шешім қабылданғаны жеткізді: «Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын 27.09.2022 ж. сағат 14.00-де Алматы облысы, Іле ауданы, ҚазЦИК ауылы, Өнеркәсіптік аймақ, 15 уч., мәжіліс залы мекенжайы бойынша шақыру», егер кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілмесе, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 29.09.2022 ж. сағат 14.00-де дәл осы мекенжай бойынша қайта өткізілсін. Күн тәртібі: 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау; 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау; 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау; 4) Есеп комиссиясының мүшелерін сайлау; 5) Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін айқындау.

ТАРАТУ

2. «Progress-Stroi» ЖШС, БСН 210840012759, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Казакстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 14 үй, индексі 161200. Тел.: 87075885577.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғысұңлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

3. «Ұл-ай» ЖШС, БСН 060240001828 (Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Өркен ш/а, 22 үй, 93 пәтер), мекемесінің жабылуы жайында хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Ақтау қаласы, Шығыс-1 ш/а, 249 үй. Тел.: 87015993910.

4. «KazBioChem» ЖШС филиалы, БСН 180641033246, заңды тұлғаның филиалының орналасқан/тіркелген жері: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 24/2 үйі, 53 пәтер, пошта индексі 010000, өзінің ерікті түрде жойылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 24/2 үйі, 53 пәтер, индексі 010000.

5. «Нұршуақ» бөбекжай балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210940027027, өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 160932, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қүркелес ауылдық округі, Ақ үй ауылы, Жолашар көшесі, №10 ғимарат. Тел.: 87028015985.

7. «Астана Строй Ритм» ЖШС Түркістан қаласындағы филиалы, БСН 220540007347, заңды тұлғаның филиалының орналасқан/тіркелген жері: ҚР, индексі 161204, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Байбұрт көшесі, 3А үй, өзінің ерікті түрде жойылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, индексі 161204, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Байбұрт көшесі, 3А үй.

14. «Көкшетау қаласы әкімі аппаратының автошаруашылығы» мемлекеттік кәсіпорны, БСН 970240010420, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Урицкий көшесі, 124 үй, Көкшетау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №А-8/1654 қаулысы негізінде өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М. Әуезов көшесі, 141, телефон 8 (7162) 29-79-01 мекенжайы бойынша қабылданады.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар Одағының Алматы қалалық филиалы Алматы қалалық сотының судьясы Махметова Дана Джамбайқызына анасы

Асия Басырқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiaty.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Аблайхан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

Күздің кара суығында түнерген аспанда найзағай оттары жарқ-жүрк етіп зәрені ұшырады. Ал нөсер жауын терезені тынымсыз сокқылап, түнімен тарсылдап тұрып алды. Жарық шамы жыпылықтап, бір жанып, бір сөнді. Құлақ тұндырар сатырлаған дауыс өрекип түсіп, ашулы жел тал-теректердің шашын жұлмалап, азынап тұрды.

Қонақ үйдегі бөлменің есігі ашылған сәтте жарық шамының сәулесімен бірге қылмыскердің көлеңкесі ішке бойлап бара жатты. Сырттан кірген қаскөй есікті кілтпен ашып, төсекке жақындады. Ұйықтап жатқан адамның тамағынан шап беріп, қылқындыра бастады. Шошып оянып, ауа жетпей деміккен жігіт өмір сүруге жанталасты. Айғайлағысы келіп еді, қырылдап дауысы шықпады. Оң қолымен өзін өлтірмек болған қанышердің омырауын қапсыра ұстап, сол қолын жастығының астына тығып жіберді. Ұялы телефонының жарығы жарқ ете түскенде көзіне өткір сәуледен түскен жүзін көріп қойғанын білген қылмыскер, оң қолын көтеріп бар күшімен құлақ-шекеден салып жіберді. Талықсып бара жатқан жігіт телефонының түймесін басып қалды. Іле көздері бақырайып, екі қолы салбырап қала берді.

Таңертең қонақ үй қызметкері жігіттің бөлмесін тақылдатып еді. Іштен жауап бермеген соң ақ фартук киген қыз жартылай ашық қалған бөлмеге кірген. Көздері аспанға қарап бақырайып, аузынан қан ағып, төсекте қимылсыз жатқан жігітті көріп, шошығаннан бақырып жіберді. Қапелімде қолындағы табак сусып кетіп, сусын құйылған стакан еденге құлап, оның кристал сынықтары жан-жаққа шашырады. Жас қыздың бақырып қалғаны мен сынған стакан-ның дауысын естіп, күзетші жетіп келді. Дереву жедел жәрдемге хабар берген. Есенгіреп қалған екеу полицияға хабарласуды ойламаған.

— Өліп қалған, — деді шұғыл жеткен дәрігер тіршілік белгісі жоқтығын байқап. Денесі суып кеткен мәйіттің басындағы тамырлары білеуленіп кеткен екен. Көп ұзамай полиция өкілі де келіп жетті. Адамның өлімінде қылмыстың нышаны бар екенін сезсе керек, жедел уәкіл дереу криминалистерді шақыртқан. Қолына ақ резіңке қолғап киген маман жәбірленушінің киімін абайлап ақтарып, құжаты мен ақшасы салынған портмонесін тауып алды.

— Мынау, жәбірленушінің құжаты. Серікбай Ақпанбекұлы... 1986 жылы туған...

Криминалистер жатын бөлмедегі сау-сақ ізін, мәйітті суретке түсіріп, әрі-бері аударып ісін бітіргенше тұс ауып кетті. Айғақ ретінде өліктің телефоны, құжаты мен жеке заттары түгелдей алынды. Қара түсті пакетке салынып, зеңбілмен әкетіп бара жатқан мәйітке қонақ үй қызметкері мен клиенттер абдырап қарап қалып еді.

— Бұл бөлмені әзірге жауып қойыңыз. Ешкім кірмесін! — деп ескерткен криминалист қонақ үй қызметкеріне.

Серікбайдың туысы Дәрменге хабар берілген. Ағасы қонақ үйге алып ұшып жетті. Жүзі түнеріп, қабағы түксініп, терең күрсінді.

— Алдынан жарылқасын! Сіз үшін ауыр қаза екенін білеміз. Бірақ сізге қояр бірнеше сұрағым бар еді, — деді тергеуші Айбар. Дәрмен басын изеді.

— Сіз кеше қайда болдыңыз? Бауырыңызды өз үйіңізге шақырмай, қонақ үйге түнетіп қойғаныңыз қалай? — деді тергеуші.

— Соған өзім де өкініп отырмын, — деді Дәрмен шарасыз. — Мен кеше жол жүріп Астанадан келіп едім. Серікбайға таңертең кездесеміз деп SMS-хабарлама жазып жібердім. Жол жүріп шаршаған соң үйге келіп жатып қалдым.

— Үйде біреу бар ма еді? — Жоқ, жалғыз тұрамын.

— Жаксы, сұрақтар болса тағы жолыға жатармыз, — деді тергеуші.

Тергеушінің көмекшісі Жансерік қайтыс болған адамның туысы пойызға билет алғанын, сағат кешкі тоғыздар ша-

масында пойыздан түскенін айтты. Үй сыртына орнатылған камерадан оның кешке кіріп, таңертең ғана шыққаны таспаға түскенін баяндап берді. Дәрмен бала болмаған соң осыдан бір жыл бұрын әйелімен ажырасып кеткен екен.

— Жаксы, сен жігіттерге сараптаманы тездетсін деп айт, — деді ол көмекшісіне.

Тергеуші, полиция лейтенанты Айбар қылмыстық істі ашуды жедел қолға алды. Оқиғаның ізін суытпай жұмысқа кіріссе қылмыскерді құрықтауға сеп болмақ. Екі қабатты қонақ үйде орнатылған бейнекамераларға көзі түсті.

— Камераны көрейік, — деді қонақ үй администраторына. — Бір айғақ табылып қалар.

Камера кешкі сағат 21.47 дейін мүл-



ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ КҮЛКІСІ

тіксіз жұмыс істеп тұрыпты. Одан кейін бір сөніп, бір қосылған екен.

— Кешегі қатты желден жарық сөніп, камера жұмыс істемей қалды, — деді администратор.

— Қонақүйде жарық сөнгенде апат кезінде жарық беретін қондырғы бар емес пе?

— Иә, бар. Соны қостық қой. Бірақ түнімен жағып қоюға жағармай жеткіліксіз болды.

Сарапшы мамандар өлген жігітті тексеріп, шамамен түнгі екі-үштер шама-сында қайтыс болғанын айтқан еді. Бұл кезде камералар қосылмай, бейнетаспа жазылмаған екен. Тергеуші бұл жағдай істі қиындата түсетінін сезген. Бір ілік табылып қалар деген оймен хаттама толтырып, үміт үзбей бейнетіркегішті алды. Сол күні қонақ үйде түнеген қызметшілер мен клиенттерді шетінен жауапқа тартқан. Ең алдымен күзетшіні сұрақтың астына алған. Байғұстың жүні бейнегірлеп, еңсесі түсіп кетіпті. Бастық жұмыстан шығарып жіберсе жеңіл жаза, әйтпесе басына қара бұлт үйіріліп тұрғанын іштей сезген.

— Сіз кезекшілікті кешкі сағат сегізге қабылдап алыпсыз. Түнде болған оқиға жайлы не айтасыз?

— Не айтам, бізде мұндай жағдай бірінші рет болып тұр. Өзім әлі сене алмай тұрмын.

— Сіз клиенттердің қауіпсіздігіне жауап беретін адамсыз. Өз ісіңізге жауапкершілікпен қарадым деп айта аласыз ба?

— Енді... Күнде істеп жүрген жұмыс қой. Мен бірінші қабатта, есіктің жанындағы бөлмеде отырамын. Жарық бір жанып, бір сөнген соң сағат түнгі 23.00-де қонақ үй есігін кілттеп жауып тастадым.

— Демек, сіз қылмыскердің сырттан келмегеніне сенімдісіз ғой. Басқа кіретін есік бар ма?

— Әр ғимаратта өрт болған жағдайда сыртқа шығатын қосымша есік бар. Бірақ ол есік үнемі жабық тұрады. Оның кілті менде жоқ. Бастықтарда.

Күзетшінің жауабы тергеушіні ойландырып тастады. Айбар әкімші, аспаз, консержер, қызметшілерден түнгі оқиға жайлы сұрағанда, ешқайсысы оқыс

нәрсе байқамағанын айтты. Ілік болар ешнәрсе жоқ. Тек қайтыс болған жігіттің бөлмесіне қарама-қарсы бөлмеде тұрып жатқан әйел ғана түнде болған оқиға жайлы тосын жайтты айтқан.

— Кеше кешкісін қатты күн кіркіреп, жауын сатырлап жауғанын білесіз. Екі жастағы балам мазасызданып, сағат он екілер шамасында бір-ақ ұйықтады. Өзімде күні бойы жол жүргеннен қатты шаршап, көзім ілініп кетіпті.

— Соңғы рет көршіңізді қашан көрдіңіз? — деді тергеуші.

— Кешеке қонақтарға арналған ас бөлмеде тамақ ішіп отырғанын көргенмін. Содан балам екеуіміз бөлмемізге кіріп, таң атқанша ешқайда шыққан жоқпыз.



— Түсінікті, сонда түнде ешнәрсе естімедіңіз бе? — Жаңбыр тарсылдап, жарық бір жанып, бір сөніп тұрды. Түн ортасында мүлдем жарық сөніп қалды.

— Коридордан, қайтыс болған адамның бөлмесінен деймін... Біреуді көмекке шақырған дауыс естілмеді ме? — Естідім... Көзім ілініп кетсем керек, бір қорқынышты күлкі естілді. Мен ұйқылы-ояу күйде едім, бұл жағдай маған түс сияқты көрінді.

— Күлкі дейсіз бе? — Иә, сондай жағымсыз, қорқынышты...

Тергеуші ойланып қалды. «Бұл істі әйелден күдіктенудің өзі қисынсыз. Мұны ер адамның істегені анық. Ұзын коридордың екі жағындағы қонақ үй бөлмелерінің саны оннан асады. Бірінші қабатта да аз емес. Біреуден күдіктенудің өзі қиындау. Адам өлтірген қылмыскерде бір себеп болуы керек қой».

Айбар аспазшыға жолығып, кеше болған жағдай туралы не білетінін сұрады. Қайтыс болған адамның фотосуретін көрген, отызды еңсерген Альбина есімді әдемі келіншек:

— Иә, бұл жігітті кеше көргенмін. Қонақ үйде тұрып жатқан бір жігіт екеуі сыра ішіп отырған.

— Содан кейін оқыс бір нәрсе байқамадыңыз ба?

— Ас үй терезесінен қонақ үй сыртындағы сәкіде қос жігіттің сөзге келіп, бір-бірінің жағасынан алғанын көрдім. Өтінем, бірақ мұны мен айтты деп ешкімге айтпай-ақ қойыңызшы! — деп жалынды әйел. — Маған зияны тиіп кете ме деп қорқамын.

— Екеуі төбелесті ме?

— Ол жағын білмедім. Әйтеуір екеуі қызып алып, жаға жыртқуға дейін барған. «Ох, бір ілік табылды. Бұл істі әрі қазбалай тұсу керек» деді іштей тергеуші. Бейнетіркегішті тексеріп еді, екі жігіттің ішімдік ішіп отырғанын, тіпті шекісіп қалғаны бейнежазбаға түсіп қалыпты.

Тергеуші Айбар күдікті ретінде алтыншы бөлмеде тұратын азаматты тергеген.

— Сіз Серікбай Ақпанбекұлын қайдан танысыз?

— Екеуіміз әскерде бірге болғанбыз.

— Кеше екеуіңіз бірге спирттік ішімдік ішіпсіздер.

— Енді... Служағымды күнде көріп жатқаным жоқ, бір кездескенде біраз сілтегенім рас.

— Сөзге келіп, ұстасып қалыпсыздар дейді көргендер.

— Е, соны айтасыз ба? — деді жігіт қайдан біліп қойды дегендей көздері бақырайып кетті. Ол армияға менен бір жыл бұрын келген. Әскердегі жағдайды білесіз ғой. «Молодой» болған соң таяқ жейсің. Соны еске түсіріп, ойнап көрсетіп жатқаны ғой. Кейін екеуіміз жаксы дос болып кеттік.



— Сіз қонақ үйге кеше келіпсіз. Досыңыз да кеше келген екен. Мұны сәйкестік деп ойлайсыз ба? — Әйелім перзентханада жатыр. Дәрігерлер бүгін таңертең шығарады деген соң қалаға ертерек жетіп алдым. Серікбай ағасына келгенін айтты.

— Не үшін келгенін айтқан шығар? — Бір бизнес бастамақшы екен. Соған көмек сұрай келіпті.

— Содан кейін не болды? — Не болушы еді. Мен бөлмеме кіріп, жатып қалдым. Серікбай есіктің алдында серуендеп қалған. Қатты шаршап қалсам керек, қатып ұйықтап қалыппын.

— Түнде бөлменізден шықпағаныңызға сенімдісіз бе? — Иә, таңертең қысылып, дәретханаға бару керек болған соң бір-ақ ояндым.

Жансерік көмекшісі ауруханаға барып, алтыншы бөлмеде тұратын азаматтың әйелі расында перзентхана бөлімінде жатқанын растаған еді. «Бұл жігіттен бекер күдіктеніп жүргем жоқпын ба?» — деді Айбар өзіне-өзі.

Тергеуші бұл істе бір шикілік барын сезген. Бірақ жан-жаққа шашыраған мозайканы жинай алмай, басы қатты. Сот-медициналық сараптама қорытындысы жансыз дене иесінің мойнынан гематомата мен қансырап тұрғанын, мұрын сүйегі сынғанын анықтаған. Мәйіттің үстіндегі киімдегі қан өз қаны екенін дәлелдеген. Жансыз дене жатқан бөлмеден бөтен саусақ ізі табыла қоймады. Мәйіттің денесінде алтыншы бөлмеде тұратын Санаттың саусақ іздері қалған шығар деп күдіктенген, солай болған күннің өзінде кеше жағаласқанда қалған деп мойындамауы мүмкін. Бірақ жәбірленушінің камераға түскен футболкасы басқа киім. Сірә, жуынып киім ауыстырған болуы керек. Бір ілік болсайшы.

«Қайдан ғана тергеуші болдым екен?» деген сұрақ көкейін мазалайтыны бар. Әр дәлел, айғақты тірнектеп жинап, қылмыскерді құрықтау үшін шапқылай-сын. Жұмбақты шешу жолында күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, бас қатырасын. Кейде бұл ісі жанын жеп, жүйкесін тоздырады. Майда-шүйдеге дейін тіміскілеп, сілікпең шығады. Мен қылмыскермін деп ешкім мойындай сал-

майды. Заттай дерек болмаса, құр долбардың бәрі бекер. Қылмыскер сауырын ұстатпай, сытылып кетеді. Бірақ қоғамға зиян тигізетін қаскөйді құрықтағанда жаны рахаттанып, тау қопарғандай болып жүреді. Иә, тергеушілік қызмет сонысымен қызық. Әр іс бастаған сайын солай. Бала кезінде детектив кітаптарға қызығып, қылмыс әлемінің ішіне сүңгіп кететін. Есімі әйгілі із кесуші болуды армандайтын. Жазушылардың детектив жайлы шығармалары шалқар шабыт берген. Өмірлік жолын айқындаған. Міне, қазір білдей криминалист.

Айбар жұмыс үстелінде жалғыз отыр. Қас қарайғанын, ас ішпегенін ұмытқан. Есіл-дерті қылмысты тезірек ашу. Қолында жәбірленушінің ұялы телефоны. Серікбай өлеріне бес күн қалғанда Call Recorder — кіріс-шығыс дыбыстық таспаны жазып алатын қондырғы орнатқан екен. Қылмыскерден қалған бір айқын белгі — телефондағы беймәлім дауыс. Соңғы жазбаны қайта-қайта тыңдап, басы қатты. Жазба дейтін түгі жоқ, тек жәбірленушінің өлер алдында қиналып алқынғаны, қылмыскердің күлкісі ғана. Құдай-ау, бұл күлкіні тыңдаудың өзі қорқынышты. Құдды есі ауысқан есерсоқ адамның даракылана күлгеніне ұқсайды. Зарлы мұң қосылған күлкі жаңғырықтай әсер етіп, мында жатталып қалды.

— Оһа-һа-һа! Аһа-һа-һа!

Психологиялық ауытқуға ұшыраған ба дерсіз. Кейде күліп жатқан адам емес, әзәзіл секілді. Неткен қасіретті күлкі десенізші! «Қылмыскер неге осылай күлді екен? Бұған әлдеқандай себеп бар ма? Сөзсіз бұл адамның санасында айықпаған бір жаракат болуы мүмкін? Бірақ қандай?».

Қылмыскерге жол көрсетер ілік таппаған із кесушінің үміт терезелері быт-шыты шығып, жан-жаққа шашырап кеткендей. Жұмыс бөлмесінде көзі ілініп кетіп еді. Айбар түсінде қылмыскердің күлкісін тағы естіді. Кенет қарсы алдынан сайқымазак Джокер сумаң етіп шыға келгені. Санасы үрейге шалдыққан Джокер өзін-өзін ұстай алмай айғайлап, еріксіз күледі. Көзінен қанды жас ақса да, сақылдап күлуін доғарар емес. «Жетеді, керекі жоқ» деп айғайлады Айбар. Бірақ Джокер еліріп, есі ауысқандай күле берді. Сырты күліп, іші қан жылайтын жанның бұл күлкісі бірде ешкінің бақырғанына, бірде мысықтың шыңғырғанына ұқсап кетеді. Көзінен аққан қанды бетіне айғыздап жағып жіберіп, нағыз жауызға айналып шыға келді. Сәлден соң Серікбайды қылқындырып, селкілдеп күлкісін жалғастыра береді. Жүйкесі сырқатқа шалдыққан сайқымазак бірде қонақ үй иесіне, бірде жауап алған куәгерлерге ұқсап кетеді. Жұмыс үстелінің үстінде шошып оянды. Өне-бойын тер басып кетіпті. Басын көтеріп, ашық терезеге қарады, қала үйлерінің шамдары түнгі аспандағы жұлдыздардай самсап тұр екен.

Жұмыстағы тар бөлмеде ой үстінде отыр еді, Жансерік жерден жеті қоян тапқандай жетіп келді.

— Айбар аға, қонақ үй иесінің үйінің жанындағы қоқыс жәшігінен сұр крассовки табылды, — деді. Неше күн үміт пен күдікке шырмалып, қараңғы түнек түбінен бір жарық сәуле жарқ еткендей болды.

— Тамаша! — деді тергеуші жас баладай қуанып, алақанын ысқылады. — Бұл бізді қылмыскерге алып баруы керек.

Айбар өліктің бетінде, денесінде аяқ киімнің ізі қалғанын көрген. Шамасы, қылмыскер аяусыз мығжылаған болуы керек. Күдіктінің аяқ киіміне сараптама тағайындағаны дұрыс деп шешкен. Көп жағдайда өзінің ойлағаны мен күдіктенгені сараптама қорытындысында дөп келетіні бар. Осы жолы да солай болуы тиіс деп шешкен. Мұның өзі ұзақ жылғы тәжірибе, әлде сезімталдық екенін айыра бермейді. Қылмыскерді құрықтауға жарап қалар айғақ таба алмай, үміті үзіліп, салы суға кеткен сәттері де жоқ емес. Көбіне жорамалы да шындыққа ұласып жатады. Жүрек, шіркін, сезгіш келе ме, қалай?

Асхат ӨМІРБАЕВ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Атырау облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет —
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №114 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31